

ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ RVSM ЖАҒДАЙЫНДА ҰШУЛАРДЫ ОРЫНДАУЫ ЖӨНІНДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ МАТЕРИАЛ

ТЕХНИЧЕСКИЙ ИНСТРУКТИВНЫЙ МАТЕРИАЛ ПО ВЫПОЛНЕНИЮ ЭКСПЛУАТАНТАМИ ПОЛЕТОВ В УСЛОВИЯХ RVSM

TECHNICAL GUIDANCE MATERIAL ON RVSM OPERATIONS FOR AIR OPERATORS



Шығарылған күні / Дата выпуска / Date of Issue: 11/09/2026

Мәртебесі / Status / Статус: [Approved]

Құжатқа жауапты / Ответственный за документ / Owner:

Директор Департамента летной эксплуатации / Director of Flight Operations Department

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ /
ЛИСТ СОГЛАСОВАНИЙ /
APPROVAL SHEET

	Лауазымы / Должность / Job Title	Күні / Дата / Date	Қолы / Подпись / Signature
Әзірленген / Разработано/ Prepared by:			
Серик Ахметов / Serik Akhmetov	Специалист по авиационным стандартам департамента лётной эксплуатации / Flight Operations Standardization Officer	15.09.2026	
Келісілді / Соголасовано / Agreed by:			
Юньков Алексей Вячеславович / Oleksiy Yunkov	Ұшуға пайдалану Департаментінің коммерциялық әуе көлігі басқармасының басшысы - бас авиациялық инспектор / Руководитель управления коммерческого воздушного транспорта Департамента лётной эксплуатации – главный авиационный инспектор / Head of commercial air transport division of flight Operations Department – chief aviation inspector	15.09. 2026	
ЗИЯ КАБИР / ZIA KABIR	Ұшуға пайдалану Департаментінің директоры – бас авиациялық инспектор / Директор Департамента лётной эксплуатации – главный авиационный инспектор / Director of flight operations Department – chief aviation inspector	16.09. 2026	
Аденов Галым Маратович / Galym Adenov	Ұшуға жарамдылық Департаментінің директоры – бас авиациялық инспектор / Директор Департамента лётной годности – главный авиационный инспектор / Director of department of airworthiness – chief aviation inspector	17.09. 2026	
Есмұрзаева Айгерим Сериковна / Aigerim Yesmurzaeva	Басқару жүйесі және норма жасау Департаментінің авиациялық стандарттар және ИКАО стандарттары мен ұсынылатын тәжірибелерді енгізу басқармасының басшысы / Руководитель Управления по авиационным стандартам и внедрению стандартов и рекомендуемой практики ИКАО Департамента системы управления и нормотворчества / Head of standardization and ICAO SARPs implementation division of management systems and rulemaking Department	16.09. 2026	
Курносков Данил Викторович / Danil Kurnossov	Басқару жүйесі және норма жасау Департаментінің директоры – бас авиациялық инспектор / Директор Департамента системы управления и нормотворчества – главный авиационный инспектор / Director of management systems and rulemaking Department – chief aviation inspector	16.09. 2026	



ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН RVSM
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҰШУЛАР БОЙЫНША
ТЕХНИКАЛЫҚ НҮСҚАУЛЫҚ МАТЕРИАЛЫ
ТЕХНИЧЕСКИЙ ИНСТРУКТИВНЫЙ МАТЕРИАЛ
ПО ПОЛЁТАМ В УСЛОВИЯХ RVSM ДЛЯ
ЭКСПЛУАТАНТОВ
TGM ON RVSM OPERATIONS FOR OPERATORS

Торбаев Ерлан Серикжанович / Yerlan Torbayev	Сапа және стандарттарға сәйкестік басқармасының басшысы / Руководитель управления качества и соответствия стандартам / Head of quality and compliance division	16.09. 2026	
Абдугалимов Жанат Дулатович / Zhanat Abdugalimov	Ұшу қауіпсіздігі, стратегия, стандарттау және үйлестіру жөніндегі басқарушы директор / Управляющий директор по безопасности полетов, стратегии, стандартизации и гармонизации / Managing director for Flight Safety, Strategy, Standardization and Harmonization	18.09. 2026	
Сатжанов Аслан Маратович / Aslan Satzhanov	Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі атқарушы директор - Басқарма мүшесі / Исполнительный директор по безопасности полетов-член Правления / Executive flight safety officer-member of Management Board	18.09. 2026	
Бекітілді / Утверждено / Approved by:			
Дэниел Майкл Юджин / Michael Eugene Daniel	Бас атқарушы директор – Басқарма Төрағасы / Главный исполнительный директор – Председатель Правления / Chief Executive Officer – Chairman of the Management Board.	18 Sept 2026	

РЕДАКЦИЯ ТІЗІМІ /
ЛИСТ РЕДАКЦИЙ /
REVISION SHEET

Басылым №/ № изд./ Rev. #/	Күні / Дата / Date	Редакция / Редакция / Revision
1.0	11.09.2026	Алғашқы басылым / Первоначальный / Initial issue

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БЕТТЕР ТІЗІМІ / ПЕРЕЧЕНЬ ДЕЙСТВУЮЩИХ СТРАНИЦ / LIST OF EFFECTIVE PAGES

Басылым № / № Раздела/ Section No. /	Бет № / Стр. № / Page No.	Шығарылған күні / Дата выпуска / Date of issue
КЕЛІСУ ПАРАҒЫ / ЛИСТ СОГЛАСОВАНИЙ / APPROVAL SHEET	2-3	11/09/2026
РЕДАКЦИЯ ТІЗІМІ / ЛИСТ РЕДАКЦИЙ / REVISION SHEET	4-4	11/09/2026
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БЕТТЕР ТІЗІМІ / ПЕРЕЧЕНЬ ДЕЙСТВУЮЩИХ СТРАНИЦ / LIST OF EFFECTIVE PAGES	5-5	11/09/2026
МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / TABLE OF CONTENT	6-9	11/09/2026
ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР / СОКРАЩЕНИЯ, ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ / ABBREVIATION, TERMS AND DEFINITIONS	10-14	11/09/2026
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР МЕН СІЛТЕМЕЛЕР / НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ И ССЫЛКИ / REFERENCES	15-17	11/09/2026
БӨЛІМ А	18-36	11/09/2026
РАЗДЕЛ В	37-55	11/09/2026
SECTION C	56-73	11/09/2026
ҚОСЫМШАЛАР / ПРИЛОЖЕНИЯ / ANNEXES	74-84	11/09/2026

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / TABLE OF CONTENT

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ / ЛИСТ СОГЛАСОВАНИЙ / APPROVAL SHEET	2
РЕДАКЦИЯ ТІЗІМІ / ЛИСТ РЕДАКЦИЙ / REVISION SHEET	4
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БЕТТЕР ТІЗІМІ / ПЕРЕЧЕНЬ ДЕЙСТВУЮЩИХ СТРАНИЦ / LIST OF EFFECTIVE PAGES	5
МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / TABLE OF CONTENT	6
ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР / СОКРАЩЕНИЯ, ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ / ABBREVIATION, TERMS AND DEFINITIONS	10
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР МЕН СІЛТЕМЕЛЕР / НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ И ССЫЛКИ / REFERENCES	15
БӨЛІМ А	18
А.1 — ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	18
1.1 Құқықтық негіз және қолданылуы	18
1.2 Нормативтік база	18
1.3 RVSM әуе кеңістігі	18
1.4 Қауіпсіздік мақсаттары	19
А.2— ӘУЕ КЕМЕСІНІҢ ҰШУҒА ЖАРАМДЫЛЫҒЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	20
2.1 Қажетті жабдық	20
2.2 Биіктік өлшеу жүйесінің сипаттамаларына қойылатын стандарттар	20
2.2.1 Топтық әуе кемелері (номиналды түрде бірдей конструкция)	20
2.2.2 Топқа кірмейтін (жеке) әуе кемелері	21
2.3 Әуе кемелері типтерін топтастыру	21
А.3 — RVSM РҰҚСАТЫН БЕРУ ПРОЦЕСІ	22
3.1 1-кезең: Алдын ала өтініш беру	22
3.2 2-кезең: Ресми өтінім беру	23
3.3 3-кезең: Құжаттарды бағалау	24
3.5 5-кезең: Рұқсат беру және мониторингке енгізу	26
3.7 Өтінім беруге дейінгі өзін-өзі тексеру парағы	26
А.4 — ПАЙДАЛАНУ РӘСІМДЕРІ	28
4.1 Ұшуды жоспарлау	28
4.2 Ұшу алдындағы рәсімдер	28
4.3 RVSM әуе кеңістігіне кірер алдында	28
4.4 Ұшу кезіндегі рәсімдер	29
4.5 Ұшу кезіндегі ерекше жағдай рәсімдері	29
4.6 Ұшудан кейінгі рәсімдер	30
4.7 ӘҚҚ рәсімдері	30
4.7.1 RVSM рұқсаты жоқ әуе кемелері	30
4.7.2 ӘҚҚ-ның ерекше жағдай кезіндегі әрекеттері	30
4.7.3 Метеорологиялық жағдайлар	31
4.8 Ұшу экипажын даярлауға қойылатын талаптар	31
А.5 — БИІКТІКТІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ХАБАРЛАУ	32
5.1 Мониторинг мақсаттары	32
5.2 Мониторинг кезеңділігі	32
5.3 Мониторинг әдістері	32
5.4 GMU мониторингі туралы хабарлау рәсімдері	33
5.5 Талаптарға сәйкес келмейтін және сипаттамалары ауытқыған әуе кемелері	33
5.6 Биіктікті ұстау қателіктері туралы хабарлау	33
5.6.1 Пайдаланушының хабарлау жөніндегі міндеттері	33
Бастапқы хабарлама кемінде мыналарды қамтуға тиіс:	33
а) биіктікті ұстау қателігінің және оның туындау жағдайларының сипаттамасын;	33



b) себептік факторларды талдауды; және	33
5.6.2 ҚАӘ әрекеттері	34
A.6 — ҰШУҒА ЖАРАМДЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАУ	35
6.1 Техникалық қызмет көрсету бағдарламасына қойылатын талаптар	35
6.2 Сынақ жабдығы	35
6.3 Техникалық қызмет көрсету персоналын даярлау	35
6.4 Ұшуға жарамдылықты қолдау жөніндегі міндеттер	35
A.7 — RMA EURASIA ЖӘНЕ Өңірлік үйлестіру	36
7.1 RMA Eurasia рөлі	36
7.2 Пайдаланушының RMA Eurasia алдындағы міндеттері	36
7.3 Рұқсат мәртебесін растау	36
РАЗДЕЛ В	37
B.1 — ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ	37
1.1 Правовая основа и применимость	37
1.2 Нормативная база	37
1.3 Воздушное пространство RVSM	37
1.4 Цели безопасности	38
B.2 — ТРЕБОВАНИЯ К ЛЕТНОЙ ГОДНОСТИ ВОЗДУШНЫХ СУДОВ	39
2.1 Требуемое оборудование	39
2.2 Стандарты характеристик высотомерной системы	39
2.2.1 Групповые воздушные суда (номинально одинаковая конструкция)	40
2.2.2 Воздушные суда, не входящие в группу (индивидуальные)	40
2.3 Группирование типов воздушных судов	40
B.3 — ПРОЦЕСС ВЫДАЧИ ДОПУСКА RVSM	41
3.1 Этап 1: Предварительное обращение	41
3.2 Этап 2: Официальная подача заявки	42
3.3 Этап 3: Оценка документов	43
3.5 Этап 5: Выдача допуска и включение в мониторинг	45
3.7 Проверочный лист самоаудита перед подачей заявки	46
B.4 — ЭКСПЛУАТАЦИОННЫЕ ПРОЦЕДУРЫ	47
4.1 Планирование полета	47
4.2 Предполетные процедуры	47
4.3 Перед входом в воздушное пространство RVSM	47
4.4 Процедуры в полете	48
4.5 Действия при особых случаях в полете	48
4.6 Послеполетные процедуры	49
4.7 Процедуры ОВД	49
4.7.1 Воздушные суда без допуска RVSM	49
4.7.2 Действия ОВД при особых случаях	49
4.7.3 Метеорологические условия	50
4.8 Требования к подготовке летного экипажа	50
B.5 — МОНИТОРИНГ ВЫСОТЫ И ПРЕДСТАВЛЕНИЕ СООБЩЕНИЙ	51
5.1 Цели мониторинга	51
5.2 Периодичность мониторинга	51
5.3 Методы мониторинга	51
5.4 Процедуры уведомления о мониторинге с использованием GMU	52
5.5 Воздушные суда с несоответствиями и аномальными характеристиками	52
5.6 Представление сообщений об ошибках выдерживания высоты	52
5.6.1 Обязанности эксплуатанта по представлению сообщений	52
Первоначальное сообщение должно содержать как минимум:	53
a) описание ошибки выдерживания высоты и обстоятельств ее возникновения;	53
b) анализ причинных факторов; и	53
5.6.2 Действия ААК	53
B.6 — ПОДДЕРЖАНИЕ ЛЕТНОЙ ГОДНОСТИ	54

6.1	Требования к программе технического обслуживания	54
6.2	Испытательное оборудование	54
6.3	Подготовка персонала технического обслуживания	54
6.4	Обязанности по поддержанию летной годности	54
B.7	— RMA EURASIA И РЕГИОНАЛЬНАЯ КООРДИНАЦИЯ	55
7.1	Роль RMA Eurasia	55
7.2	Обязанности эксплуатанта перед RMA Eurasia	55
7.3	Подтверждение статуса допуска	55
SECTION C		56
CHAPTER 1 — GENERAL		56
1.1	Legal Basis and Applicability	56
1.2	Regulatory Framework	56
1.3	RVSM Airspace	56
1.4	Safety Objectives	57
CHAPTER 2 — AIRCRAFT AIRWORTHINESS REQUIREMENTS		58
2.1	Required Equipment	58
2.2	Altimetry System Performance Standards	58
2.2.1	Group Aircraft (Nominally Identical Design)	58
2.2.2	Non-Group (Individual) Aircraft	59
2.3	Aircraft Type Groupings	59
CHAPTER 3 — RVSM APPROVAL PROCESS		60
3.1	Phase 1: Pre-Application	60
3.2	Phase 2: Formal Application	61
3.3	Phase 3: Document Evaluation	62
3.5	Phase 5: Approval issuance & monitoring enrolment	63
3.7	Pre-Application Self-Audit Checklist	64
CHAPTER 4 — OPERATIONAL PROCEDURES		65
4.1	Flight Planning	65
4.2	Pre-Flight Procedures	65
4.3	Prior to RVSM Airspace Entry	65
4.4	In-Flight Procedures	66
4.5	Contingency Procedures In-Flight	66
4.6	Post-Flight Procedures	67
4.7	ATC Procedures	67
4.7.1	Non-Approved Aircraft	67
4.7.2	ATC Contingency Actions	67
e) 4.7.3	Meteorological Conditions	67
4.8	Crew Training Requirements	67
CHAPTER 5 — HEIGHT MONITORING AND REPORTING		69
5.1	Monitoring Objectives	69
5.2	Monitoring Frequency	69
5.3	Monitoring Methods	69
5.4	GMU Monitoring Notification Procedures	70
5.5	Non-Compliant and Aberrant Aircraft	70
5.6	Height-Keeping Error Reporting	70
5.6.1	Operator Reporting Obligations	70
The initial report shall contain, as a minimum:		70
a)	a description of the height-keeping error and the circumstances in which it occurred;	70
b)	an analysis of the causal factors; and	70
5.6.2	AAK Actions	71
CHAPTER 6 — CONTINUING AIRWORTHINESS		72
6.1	Maintenance Programme Requirements	72
6.2	Test Equipment	72
6.3	Training for Maintenance Personnel	72

6.4 Continued Airworthiness Obligations.....	72
CHAPTER 7 — RMA EURASIA AND REGIONAL COORDINATION.....	73
7.1 Role of RMA Eurasia	73
7.2 Operator Obligations Toward RMA Eurasia	73
7.3 Approval Status Confirmation	73
ҚОСЫМШАЛАР / ПРИЛОЖЕНИЯ / APPENDICES	74
ҚОСЫМША / ПРИЛОЖЕНИЕ / APPENDIX 1.....	75
ҚОСЫМША / ПРИЛОЖЕНИЕ / APPENDIX 2.....	81

ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР / СОКРАЩЕНИЯ, ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ / ABBREVIATION, TERMS AND DEFINITIONS

ҚАӘ ААК ААК	«Қазақстан авиациялық әкімшілігі» Акционерлік Қоғамы Акционерное Общество «Авиационная администрация Казахстана» «Aviation Administration of Kazakhstan» JSC
АҚ АБ AvSec	Авиациялық қауіпсіздік Авиационная безопасность Aviation Security
АП АР	Авиациялық персонал Авиационный персонал Aviation Personnel
ҰҚ БП FS	Ұшу қауіпсіздігі Безопасность полетов Flight Safety
ӘК ВС АС	Әуе кемесі Воздушное судно Aircraft
ҰЖД ДЛГ AIR	Ұшуға жарамдылық департаменті Департамент летной годности department of airworthiness
ҰПД ДЛЭ FOPS	Ұшуға пайдалану департаменті Департамент летной эксплуатации Flight operations department
ИКАО ICAO	Халықаралық азаматтық авиация ұйымы Международная организация гражданской авиации International Civil Aviation Organization
КГА САС	Азаматтық авиация комитеті Комитет гражданской авиации Civil Aviation Committee
КБҚ КРС MGMT	Командалық-басшылық құрам Командно-руководящий состав Management Staff
КҰҚ КЛС FC	Командалық-ұшу құрамы Командно-летный состав Flight Crew
КДСК КППУ RT	Кәсіби деңгейді сақтау курсы Курс поддержания профессионального уровня Recurrent Training
ҚР ИДМ МИИР РК МИПД РК	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Министерство промышленности и инфраструктурного развития Республики Казахстан Ministry of Industry and Infrastructure Development of the Republic of Kazakhstan
ӘҚҚК ОВД ATS	Әуе қозғалысына қызмет көрсету Обслуживание воздушного движения Air Traffic Services



ҚЖ ОГ DG	Қауіпті жүктер Опасные грузы Dangerous Goods
КШҰҚ ПВП VFR	Көзбен шолып ұшу қағидалары Правила визуального полета Visual Flight Rules
ТШЖ ПКД CAP	Түзету іс шаралары жоспары План корректирующих действий Corrective Action Plan
АБҰҚ ППП IFR	Аспаптар бойынша ұшу қағидалары Правила полета по приборам Instrument Flight Rules
ҰҚБЖ СУБП SMS	Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі Система управления безопасностью полетов Safety Management System
ҚР РК RK	Қазақстан Республикасы Республика Казахстан Republic of Kazakhstan
ҰЖН РПП ОМ	Ұшуларды жүргізу бойынша нұсқаулық Руководство по производству полётов Operations Manual / Flight Operations Manual
ПС СЭ АОС	Пайдаланушы сертификаты Сертификат эксплуатанта Air Operator Certificate
СТ СО CI	Сертификаттық тексеру Сертификационное обследование Certification Inspection
ПЕ ЭС OpSpecs	Пайдалану ерекшеліктері Эксплуатационные спецификации Operations Specifications
ОТО АМО	Бекітілген техникалық қызмет көрсету ұйымы Утвержденная организация по техническому обслуживанию Approved Maintenance Organization
ӘӘПК АППК ARPC	Әкімшілік рәсімдік және процестік кодексі Административтік процедуралық және процестік кодекс Administrative Procedural and Process-Related Code
БСН БИН BIN	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі Бизнес-идентификационный номер Business Identification Number
ҰЖҚҰ ОПЛГ CAMO	Ұшуға жарамдылықты қолдау ұйымы Организация по поддержанию летной годности Continuing Airworthiness Management Organization
CDL	Конфигурациялық ауытқулар тізімі Перечень допустимых отклонений конфигурации Configuration Deviation List
ЭСҚ ЭЦП EDS	Электрондық сандық қолтаңба Электронно-цифровая подпись Electronic Digital Signature

EDTO	Ұзартылған ауытқу уақытындағы ұшу операциялары Операции при увеличенном времени ухода на запасной аэродром Extended Diversion Time Operations
EFB	Электрондық ұшу планшеті Электронный полетный планшет Electronic Flight Bag
LVO	Төмен көріну жағдайындағы ұшу операциялары Операции при низкой видимости Low-Visibility Operations
АЕК МПП МСІ	Ай сайынғы есептік көрсеткіш Месячный расчетный показатель Monthly Calculation Index
MEL	Минимумды құрал-жабдықтар тізімі Перечень минимального оборудования Minimum Equipment List
ТҚРН РРТО МММ	Техникалық қызмет көрсету регламенттерінің нұсқаулығы Руководство по регламентам технического обслуживания Operator's Maintenance Regulation Manual
MNPS	Минималды навигациялық өнімділік спецификациясы Спецификации минимальных навигационных характеристик Minimum Navigation Performance Specifications
MTOW	Максималды ұшу салмағы Максимальная взлетная масса Maximum Take-off Weight
PBCS	Өнімділікке негізделген байланыс және бақылау Навигация, основанная на характеристиках связи и наблюдения Performance-Based Communication and Surveillance
PBN	Өнімділікке негізделген навигация Навигация, основанная на характеристиках Performance-Based Navigation
POPS	Болжалды оператордың алдын ала мәлімдемесі Предварительное заявление предполагаемого оператора Pre-Application Statement
AFCS	Ұшуды автоматты басқару жүйесі Автоматическая система управления полетом Automatic Flight Control System
CAT	Санат (қонуға дәлме-дәл кіру және қону санаты) Категория (точного захода на посадку и посадки) Category (of precision approach and landing)
DH	Шешім қабылдаудың салыстырмалы биіктігі Относительная высота принятия решения Decision Height
GM	Нұсқаулық материал Инструктивный материал Guidance Material
RVR	ҰҚЖ-дағы көріну қашықтығы Дальность видимости на ВПП Runway Visual Range

SAFA	Шетелдік әуе кемелерінің қауіпсіздігін бағалау Оценка безопасности иностранных воздушных судов Safety Assessment of Foreign Aircraft
AFM	Ұшуды пайдалану жөніндегі нұсқаулық Руководство по летной эксплуатации Aircraft Flight Manual
ASE	Биіктік өлшеу жүйесінің қателігі Погрешность высотомерной системы Altimetry System Error
ATC	Әуе қозғалысын басқару Управление воздушным движением Air Traffic Control
CFL	Рұқсат етілген ұшу эшелоны Разрешенный эшелон полета Cleared Flight Level
FL	Ұшу эшелоны Эшелон полета Flight Level
FTE	Ұшуды басқару техникасының қателігі Погрешность техники пилотирования Flight Technical Error
GMS	GPS негізіндегі мониторинг жүйесі Система мониторинга на основе GPS GPS-based Monitoring System
HMU	Биіктікті бақылау станциясы Станция контроля высоты Height Monitoring Unit
ICA	Ұшуға жарамдылықты қолдау жөніндегі нұсқаулар Инструкции по поддержанию летной годности Instructions for Continuing Airworthiness
LHD	Биіктік бойынша үлкен ауытқу Большое отклонение по высоте Large Height Deviation
MASPS	Борттық жүйелердің ең төменгі сипаттамаларына қойылатын техникалық талаптар Технические требования к минимальным характеристикам бортовых систем Minimum Aircraft System Performance Specification
RMA	Өңірлік мониторинг агенттігі Региональное агентство мониторинга Regional Monitoring Agency
TLS	Ұшу қауіпсіздігінің нысаналы деңгейі Целевой уровень безопасности полетов Target Level of Safety
TVE	Биіктік бойынша жиынтық қателік Суммарная погрешность по высоте Total Vertical Error
VSM	Тік эшелондау минимумы Минимум вертикального эшелонирования Vertical Separation Minimum

SB	Сервистік бюллетень Сервисный бюллетень Service Bulletin
TVE	Биіктік бойынша жиынтық қателік Суммарная погрешность по высоте Total Vertical Error
TGM	Техникалық нұсқаулық материал Технический инструктивный материал Technical Guidance Material
RVSM	Тік эшелондаудың қысқартылған минимумы Сокращенный минимум вертикального эшелонирования Reduced Vertical Separation Minimum

НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР МЕН СІЛТЕМЕЛЕР / НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ И ССЫЛКИ / REFERENCES

Нормативтік құжат / Нормативный документ (НД) / Referenced Document	Бекіту / Утверждение / Approval
Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Об использовании воздушного пространства Республики Казахстан и деятельности авиации On the Use of the Airspace of RK and Aviation Activities	Заң № 339-IV (15.07.2010) Закон № 339-IV (15.07.2010) Law No. 339-IV (15.07.2010)
Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға арналған сертификаттау талаптары Сертификационные требования к эксплуатантам гражданских воздушных судов Certification Requirements for Civil Aircraft Operators	Бұйрық № 153 (24.02.2015) Приказ № 153 (24.02.2015) Order No. 153 (24.02.2015)
Азаматтық әуе кемелері пайдаланушысының сертификатын беру және сертификаттау ережелері Правил сертификации и выдачи сертификата эксплуатанта гражданских воздушных судов Rules for Certification and Issuance of AOC	Бұйрық № 1061 (10.11.2015) Приказ № 1061 (10.11.2015) Order No. 1061 (10.11.2015)
Правила допуска к полетам эксплуатантов авиации общего назначения Правила допуска к полетам эксплуатантов авиации общего назначения Rules for Admission to Flights of General Aviation Operators	Бұйрық № 1023 (30.10.2015) Приказ № 1023 (30.10.2015) Order No. 1023 (30.10.2015)
Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуларды орындау қағидалары Правила производства полетов в гражданской авиации Республики Казахстан Rules of Civil Aviation Operations	Бұйрық № 509 (28.07.2017) Приказ № 509 (28.07.2017) Order No. 509 (28.07.2017)
Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшу жұмысын ұйымдастыру қағидалары Правила по организации летной работы в ГА РК Rules for Organization of Flight Operations	Бұйрық № 307 (20.03.2015) Приказ № 307 (20.03.2015) Order No. 307 (20.03.2015)
Ұшу экипажы мүшелерін ұшуларға жіберу қағидалары Правила допуска членов экипажа к полетам Rules for Admission of Crew Members to Flights	Бұйрық № 308 (20.03.2015) Приказ № 308 (20.03.2015) Order No. 308 (20.03.2015)
Қазақстан Республикасының азаматтық және эксперименттік авиациясы әуе кемелері экипажы мүшелерінің жұмыс уақыты мен демалыс уақытын ұйымдастыру қағидалары Правила организации рабочего времени и отдыха членов экипажей воздушных судов гражданской и экспериментальной авиации Республики Казахстан Rules for Work/Rest Time of Crew Members	Бұйрық № 250 (27.02.2015) Приказ № 250 (27.02.2015) Order No. 250 (27.02.2015)
Авиациялық персоналға біліктілік талаптары Квалификационные требования к авиационному персоналу Qualification Requirements for Aviation Personnel	Бұйрық № 362 (13.06.2011) Приказ № 362 (13.06.2011) Order No. 362 (13.06.2011)

Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей қатысатын авиациялық персоналдың кәсіби даярлығының үлгілік бағдарламалары Типовые программы профессиональной подготовки авиационного персонала, участвующего в обеспечении безопасности полетов Standard Professional Training Programs	Бұйрық № 764 (28.09.2013) Приказ № 764 (28.09.2013) Order No. 764 (28.09.2013)
Авиациялық персонал куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидалары Правила выдачи и продления срока действия свидетельств авиационного персонала Issuance/Extension of Aviation Personnel Certificates	Бұйрық № 750 (26.09.2013) Приказ № 750 (26.09.2013) Order No. 750 (26.09.2013)
Азаматтық әуе кемелерінде ауа арқылы қауіпті жүктерді тасымалдау нұсқаулығын бекіту туралы Об утверждении Инструкции по перевозке опасных грузов по воздуху на гражданских воздушных судах Transportation of Dangerous Goods by Air	Бұйрық № 371 (21.06.2017) Приказ № 371 (21.06.2017) Order No. 371 (21.06.2017)
Азаматтық әуе кемелері пайдаланушылары үшін ұшу қауіпсіздігін басқарудың үлгілік нұсқаулары Типовые инструкции по управлению безопасностью полетов эксплуатантов гражданских воздушных судов Standard SMS Instructions for Operators	Бұйрық № 173 (28.03.2011) Приказ № 173 (28.03.2011) Order No. 173 (28.03.2011)
Әуе көлігінде жолаушыларды, багажды және жүкті тасымалдау қағидаларын бекіту туралы Об утверждении Правил перевозки пассажиров, багажа и грузов на воздушном транспорте Carriage of Passengers, Baggage and Cargo by Air	Бұйрық № 540 (30.04.2015) Приказ № 540 (30.04.2015) Order No. 540 (30.04.2015)
Процедура по проведению проверок по поддержанию летной годности воздушных судов Процедура по проведению проверок по поддержанию летной годности воздушных судов Procedure for survey of continuing airworthiness management of aircraft	AAK-AIR-P.0518 AAK-AIR-P.0518 AAK-AIR-P.0518
Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларды сертификаттау бойынша авиациялық инспекторларға арналған Нұсқамалық материал. Пайдаланушы сертификаты (ПС) Инструктивный материал для авиационных инспекторов по сертификации эксплуатантов гражданских воздушных судов. Сертификат эксплуатанта (СЭ) Guidance material (gm) for the aviation inspectors on certification of civil aircraft operators. Air Operator Certificate (AOC)	AAK-OPS-M.0409 AAK-OPS-M.0409 AAK-OPS-M.0409
RVSM ЖАҒДАЙЛАРЫНДА ҰШУЛАРДЫ ОРЫНДАЙТЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫ ЖІБЕРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАДАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ МАТЕРИАЛ ИНСТРУКТИВНЫЙ МАТЕРИАЛ ПО ДОПУСКУ И НАДЗОРУ ЗА ЭКСПЛУАТАНТАМИ, ВЫПОЛНЯЮЩИМИ ПОЛЕТЫ В УСЛОВИЯХ RVSM GUIDANCE MATERIAL ON THE APPROVAL AND OVERSIGHT OF OPERATORS CONDUCTING RVSM OPERATIONS	AAK-OPS-P.0420A AAK-OPS-P.0420A AAK-OPS-P.0420A

Халықаралық әуе тасымалдарын реттеу жөніндегі нұсқаулық	ICAO Doc 10085
Руководство по регулированию международных воздушных перевозок	ICAO Doc 10085
Manual on the Regulation of International Air Transport	ICAO Doc 10085

БӨЛІМ А

А.1 — ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Құқықтық негіз және қолданылуы

№ 509 бұйрықтың 1455-тармағына сәйкес «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ (ҚАӘ) берген арнайы RVSM рұқсатынсыз Қазақстан қызмет көрсететін әуе кеңістігінде FL 290-нан FL 410-ға дейінгі эшелондарда қоса алғанда бірде-бір әуе кемесінің ұшуына жол берілмейді.

Бұл талап әуе кемесінің тіркеу мемлекетіне қарамастан, Қазақстан қызмет көрсететін RVSM әуе кеңістігінде ұшуларды орындайтын барлық азаматтық пайдаланушыларға қолданылады.

Қазақстанның авиациялық әкімшілігі берген RVSM пайдалану рұқсаты пайдаланушы тиісті өңірге тән пайдалану рәсімдерін сақтаған және қолданылатын талаптарды өзінің Пайдалану жөніндегі нұсқаулығына енгізген жағдайда бүкіл әлемдегі RVSM әуе кеңістігінде ұшуларды орындау үшін танылады.

Нормативтік сілтеме: № 509 бұйрық, 1455-тармақ

1.2 Нормативтік база

Қазақстан Республикасында RVSM жағдайындағы ұшулар нақтылық дәрежесінің кему тәртібімен мынадай құжаттармен реттеледі:

- а) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидалары, № 509 бұйрық, атап айтқанда 15-тарау — RVSM әуе кеңістігіндегі ұшулар, 534–546-тармақтар және RVSM жағдайындағы ұшуларды орындауға арнайы рұқсатқа қатысты 1455 және 1456-тармақтар.
- б) RMA Eurasia рәсімдері «Еуразия» Өңірлік мониторинг агенттігінің (RMA Eurasia), әсіресе қысқартылған тік эшелондау минимумы (RVSM) қолданылатын әуе кеңістігін енгізуге және мониторингтеуге қатысты рәсімдері мен пайдалану практикасын белгілейді.

1.3 RVSM әуе кеңістігі

Қазақстан шегіндегі RVSM әуе кеңістігі FL 290 (8 850 м) мен FL 410 (12 500 м) аралығындағы биіктік диапазонын қоса қамтиды. Осы диапазонда тиісті рұқсаты бар әуе кемелері арасында 300 м (1 000 фут) тік эшелондау минимумы қолданылады.

RVSM ұшу эшелондарының схемасы RVSM-нен тыс биіктіктерде қолжетімді эшелондарға қосымша мынадай пайдалануға болатын крейсерлік эшелондарды көздейді:

Жол бағыты	Ұшу эшелондары (АҰҚ)	Қолжетімді эшелондар
000°–179° (тақ)	FL 290, 310, 330, 350, 370, 390, 410	7 эшелон
180°–359° (жұп)	FL 300, 320, 340, 360, 380, 400	6 эшелон

ЕСКЕРТПЕ: RVSM рұқсаты жоқ әуе кемелеріне барлық басқа әуе қозғалысынан стандартты 600 м (2 000 фут) тік эшелондау минимумы (VSM) қамтамасыз етілмейінше RVSM әуе кеңістігіндегі ұшу эшелондары тағайындалмауға тиіс.

1.4 Қауіпсіздік мақсаттары

Қазақстан Республикасының юрисдикциясындағы әуе кеңістігінде RVSM жағдайындағы ұшуларға қолданылатын қауіпсіздік мақсаттары ИКАО-ның қолданылатын стандарттары мен ұсынылатын практикасына (SARPs) және халықаралық деңгейде танылған қауіпсіздік талаптарына сәйкес белгіленеді.

Тәуекел санаты	TLS	Қамту саласы
Техникалық тәуекел	Ұшу сағатына $2,5 \times 10^{-9}$ өлімге әкелетін авиациялық оқиға	Тек әуе кемесінің биіктікті ұстау сипаттамаларының қателіктері
Жалпы тәуекел	Ұшу сағатына 5×10^{-9} өлімге әкелетін авиациялық оқиға	Барлық себептер, оның ішінде пайдалану қателіктері мен ерекше жағдайлар

A.2— ӘУЕ КЕМЕСІНІҢ ҰШУҒА ЖАРАМДЫЛЫҒЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

2.1 Қажетті жабдық

RVSM әуе кеңістігінде ұшуларды орындау үшін әрбір әуе кемесі мынадай мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін жүйелермен жабдықталуға тиіс:

#	Жабдық / функция	Сипаттама
1	Биіктікті индикациялау (экипаж кабинасы)	Ұшу орындалатын ұшу эшелонын көрсету.
2	Биіктікті автоматты ұстап тұру құрылғысы	Көлденең крейсерлік ұшу кезінде таңдалған ұшу эшелонын автоматты режимде ұстап тұрады. Көлденең крейсерлік ұшуда кемінде бір құрылғы жарамды және іске қосылған болуға тиіс.
3	Биіктіктен ауытқу туралы ескерту жүйесі	Экипажға таңдалған ұшу эшелонынан ауытқу туралы ескертуді қамтамасыз етеді. Ескерту шегі ± 90 м-ден (300 фут) аспауға тиіс.
4	Биіктік туралы деректерді беретін транспондер	ӘҚҚ-ға барометрлік биіктік туралы деректерді автоматты түрде береді. Әуе кемесін басқару үшін пайдаланылатын биіктік өлшеу жүйесіне қосылуға тиіс.
5	Биіктікті өлшеудің екі тәуелсіз жүйесі	Әрқайсысы өзара байланыстырылған статикалық қысым көзінен (қолданылатын болса, мұзданудан қорғанысы бар), биіктік өлшегіш индикаторынан және С режиміндегі кодтаудан тұрады. Екі жүйенің көрсеткіштері ± 60 м (± 200 фут) шегінде сәйкес келуге тиіс.
6	Статикалық қысым көзі қателігін түзету (SSEC)	RVSM ұшу режимдері диапазонында сипаттамалар өлшемшарттарына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін қажет болған кезде қолданылады.

Нормативтік сілтеме: № 509 бұйрық, 1456-тармақ

2.2 Биіктік өлшеу жүйесінің сипаттамаларына қойылатын стандарттар

RVSM әуе кеңістігінде пайдаланылатын әуе кемелері биіктікті ұстау сипаттамаларының мынадай өлшемшарттарына сәйкес келуге тиіс:

2.2.1 Топтық әуе кемелері (номиналды түрде бірдей конструкция)

Номиналды түрде бірдей конструкциясы мен жасалу ерекшеліктері бар әуе кемелері топтары үшін топтың биіктік бойынша жиынтық қателігі (TVE) мына талаптардың барлығына сәйкес келуге тиіс:

- a) TVE орташа мәні: абсолюттік шамасы 25 м-ден (80 фут) аспауға тиіс;
- b) TVE стандартты ауытқуы: $28 - 0,013z^2$ мәнінен аспауға тиіс (мұнда $z = |TVE \text{ орташа мәні}|$ метрмен);
- c) ASE орташа мәні: абсолюттік шамасы 25 м-ден (80 фут) аспауға тиіс;
- d) ASE шашырауы: $|ASE \text{ орташа мәні}| + 3\sigma(ASE)$ қосындысы 75 м-ден (245 фут) аспауға тиіс;
- e) FTE/AAD: орташа 0 м мәніне қатысты симметриялы; стандартты ауытқу 13,3 м-ден (43,7 фут) аспауға тиіс; таралуы кемінде экспоненциалды кему сипатында болуға тиіс.

2.2.2 Топқа кірмейтін (жеке) әуе кемелері

- a) ASE: барлық ұшу жағдайларында 60 м-ден (200 фут) аспауға тиіс;
- b) FTE/AAD: орташа 0 м мәніне қатысты симметриялы; стандартты ауытқу 13,3 м-ден (43,7 фут) аспауға тиіс; таралуы кемінде экспоненциалды кему сипатында болуға тиіс.

2.3 Әуе кемелері типтерін топтастыру

RVSM бойынша ұшуға жарамдылықты мақұлдау мақсаттары үшін әуе кемелері топтарға жіктеледі. Әуе кемесі белгілі бір топқа енгізілуге барлық мына өлшемшарттар орындалған жағдайда ғана жарамды деп есептеледі:

- a) номиналды түрде бірдей конструкция бойынша жасалған және бір үлгі сертификаты (TC), TC-ға бірдей өзгеріс немесе бірдей қосымша үлгі сертификаты негізінде мақұлданған;
- b) әрбір әуе кемесінің статикалық қысым көздері жүйесі номиналды түрде бірдей; статикалық қысым көзі қателігін (SSE) түзету топтың барлық мүшелері үшін бірдей;
- c) RVSM жабдығына қойылатын ең төменгі өлшемшарттарды орындау үшін орнатылған авионика блоктары өндірушінің бірдей спецификациясына және бөлшек нөміріне сәйкес келеді.

ЕСКЕРТПЕ: Авионика өндірушілері немесе бөлшек нөмірлері әртүрлі әуе кемелері жүйелердің баламалы сипаттамалары дәлелденген жағдайда топ мүшелері ретінде танылуы мүмкін. Үш шарттың барлығына сәйкес келмейтін әуе кемелері топқа кірмейтін әуе кемелері ретінде қаралады.

A.3 — RVSM РҰҚСАТЫН БЕРУ ПРОЦЕСІ

Уәкілетті ұйым ретінде «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ (ҚАӘ) пайдаланушы мен әуе кемелерінің тиісті типтер тобы № 509 бұйрықпен белгіленген барлық қолданылатын RVSM талаптарына сәйкес келетінін анықтамайынша, пайдаланушыға RVSM жағдайындағы ұшуларды орындауға рұқсат берілмейді. Пайдаланушы ұшуға жарамдылыққа, пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және биіктікті ұстау сипаттамаларына қойылатын қолданылатын талаптарға сәйкестігін дәлелдейтін жеткілікті материалдарды ұсынуға тиіс. RVSM жағдайындағы ұшулар ҚАӘ ресми RVSM рұқсатын бергеннен және рұқсатта көрсетілген барлық шарттар орындалғаннан кейін ғана басталуға тиіс.

RVSM рұқсатын беру процесі бес кезеңнен тұрады:

- a) **Алдын ала өтініш беру кезеңі**– пайдаланушының өзін-өзі бағалауы, қолданылатын RVSM талаптары мен MASPS-ты қарау және қажетті құжаттаманы дайындау.
- b) **Ресми өтінім беру кезеңі**– RVSM рұқсатын алуға арналған толық өтінімдер топтамасын ҚАӘ-ге ұсыну.
- c) **ҚАӘ бағалау кезеңі**– ұсынылған құжаттаманы, оның ішінде әуе кемесінің ұшуға жарамдылық мәртебесін, RVSM жабдығын, техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыруды, пайдалану рәсімдерін және қолданылатын талаптарға сәйкестікті бағалау.
- d) **Көрсетілім кезеңі**– қажет болған кезде пайдаланушының RVSM жағдайындағы ұшуларды орындау қабілетін көрсету және пайдалануда қолданылатын талаптарға сәйкестігін тексеру үшін валидациялық ұшу(лар) өткізу.
- e) **RVSM рұқсатын беру және мониторинг кезеңі**– ҚАӘ-нің RVSM рұқсатын беруі және мақұлданған пайдаланушы мен әуе кемесін қолданылатын RVSM мониторингі жүйесіне енгізу, оның ішінде қолданылатын жағдайда RMA Eurasia-да тіркеу.

Пайдаланушы келесі кезеңге өтуге дейін әрбір кезеңді сәтті аяқтауға тиіс. Қолданылатын RVSM талаптарына сәйкестікті анықтау үшін қажет болған жағдайда ҚАӘ қосымша ақпаратты, түзету әрекеттерін немесе көрсетілімдерді талап ете алады.

ЕСКЕРТПЕ: RVSM рұқсаты әр пайдаланушыға және әуе кемелері типтерінің әр тобына жеке беріледі. Оның қолданылу мерзімі 2 жыл және ол пайдаланушылар арасында берілмейді. Әуе кемесінің тіркелуі өзгерген жағдайда бұрын берілген кез келген рұқсат автоматты түрде күшін жояды (№ 509 бұйрық, 1455-2-тармақ).

3.1 1-кезең: Алдын ала өтініш беру

Бұл пайдаланушының өзін-өзі бағалау және құжаттаманы дайындау кезеңі. Өтініш беруші RVSM жағдайындағы ұшуларға жоспарланған әуе кемесі типінің (типтерінің) рұқсат алуға жарамдылығын және ҚАӘ-ге ресми өтінім бергенге дейін барлық қолданылатын алдын ала шарттардың орындалу мүмкіндігін растау үшін қолданылатын талаптарды қарап, алдын ала бағалау жүргізуге тиіс.

Мынадай әрекеттерді орындау қажет

- 1) Әуе кемесі типінің қолданыстағы RVSM ұшуға жарамдылық мақұлдауы бар екенін растау (мысалы, JAA TGL-6, FAA AC 91-RVSM немесе үлгі сертификатының баламалы деректері арқылы);
- 2) Әуе кемелері паркінің әрбір типіне қолданылатын типтер тобының санатын анықтау (Қосымша, 1-кесте — Әуе кемелері топтарының санаттары);
- 3) RVSM талаптарын ескеру үшін мына құжаттаманы қарап, жаңарту:
 - a) RVSM рұқсатын растайтын Әуе кемесін ұшуда пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа (AFM) өзгеріс немесе толықтыру;
 - b) Пайдалану жөніндегі нұсқаулық (OM) — А бөлігі (Жалпы рәсімдер) және В бөлігі (Әуе кемесін пайдалану мәселелері), онда RVSM бойынша ұшу алдындағы, ұшу кезіндегі, ерекше жағдайлардағы және ұшудан кейінгі рәсімдер көрсетілуге тиіс;
 - c) Минималды жабдық тізбесі (MEL) — RVSM үшін маңызды жабдық пен қолданылатын ұшуға шығару шарттарын айқындай отырып;
 - d) Техникалық қызмет көрсету бағдарламасы — өндірушінің RVSM бойынша ұшуға жарамдылықты қолдау жөніндегі нұсқауларын қамти отырып;
 - e) Даярлау бағдарламалары — ұшу экипажы мен техникалық қызмет көрсету персоналы үшін RVSM талаптарын қамтитын бастапқы және мерзімді даярлау;
- 4) Статикалық қысым көздерінің жай-күйін, статикалық порттар маңындағы фюзеляж қаптамасының бүтіндігін және биіктік өлшеу жүйесінің дәлдігін бағалау;
- 5) Биіктікті ұстау қателіктері мен ерекше жағдайлар туралы хабарлау рәсімдерін белгілеу немесе қайта қарау.

ЕСКЕРТПЕ: Пайдаланушы ҚАӘ-ге кез келген ресми өтінімді берер алдында 3.7-тараудағы тексеру парағы бойынша алдын ала өзін-өзі тексеру жүргізуге тиіс.

3.2 2-кезең: Ресми өтінім беру

RVSM рұқсатын алуға ниет білдірген пайдаланушы ҚАӘ-ге барлық қажетті құжаттаманы және қолданылатын RVSM талаптарына сәйкестігін дәлелдейтін растайтын материалдарды қамтитын толық өтінімдер топтамасын ұсынуға тиіс.

Өтінім мына элементтерді қамтуға тиіс:

- a) Ұшуға жарамдылық құжаттары: RVSM рұқсатын растайтын AFM өзгерісі/толықтыруы; өндірушінің сервистік бюллетенінің орындалғанын растайтын дәлелдемелер; Тіркеу мемлекетінің ұшуға жарамдылық құжатына сілтеме;
- b) Әуе кемесі жабдығының сипаттамасы: биіктік өлшеу, биіктікті ұстап тұру, ескерту және транспондер жүйелерінің сипаттамасы; қажет болған жағдайда SSEC орнатылғанын растау;
- c) Ұшу экипажы үшін бастапқы және мерзімді даярлау бағдарламаларын белгілейтін даярлау бағдарламасы. Қамтылатын тақырыптар: RVSM рәсімдері, ерекше жағдайлардағы әрекеттер, биіктік өлшегіштерді өзара тексеру, турбуленттілік туралы хабардарлық, ӘҚҚ фразеологиясы;
- d) Нұсқаулықтар мен тексеру парақтары: RVSM-ге арналған OM А/В бөлімдері; штаттық, штаттан тыс және авариялық жағдайларға арналған тексеру парақтары; RVSM рұқсатына сәйкес қолданылатын әуе жылдамдықтары, биіктіктер және массалар туралы мәліметтер;
- e) RVSM үшін талап етілетін барлық жабдық бойынша ұшуға шығару шарттары көрсетілген MEL жазбалары;

- f) Үлгі сертификатын ұстаушының ұшуға жарамдылықты қолдау жөніндегі нұсқауларын (ICA) белгілейтін техникалық қызмет көрсету бағдарламасы; геометрияны тексеру, статикалық қысым көздерін қарап тексеру және биіктік өлшеу жүйесін сынау рәсімдері;
- g) Биіктікті ұстау қателіктерін анықтау, тіркеу және олар туралы 72 сағат ішінде ҚАӘ мен RMA Eurasia-ға хабарлау рәсімдері;
- h) Биіктікті бақылау бағдарламасына қатысуға арналған мониторингке қатысу жоспары; мониторинг әдісін (HMU, GMS немесе GMU) айқындау; әр топ санаты бойынша мониторингке жататын әуе кемелерінің кестесі мен саны;
- i) Алдыңғы қызмет нәтижелері (қолданылатын жағдайда): RVSM әуе кеңістігіндегі тиісті пайдалану тарихы; биіктікті ұстауға қатысты бұрынғы оқиғалар бойынша түзету әрекеттерінің дәлелдемелері;
- j) Сәйкестік туралы мәлімдеме. Пайдаланушының Жауапты басшысы қол қойған және толтырылған Сәйкестік туралы мәлімдеме (2-қосымшаны қараңыз), ол әуе кемесінің, рәсімдердің, даярлау бағдарламасының және техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастырудың барлық қолданылатын RVSM талаптарына толық сәйкес келетінін растайды. Әрбір бастапқы өтінім және ұзарту үшін міндетті.

Өтінімдер Қазақстанның авиациялық әкімшілігіне, тиісті пайдалану рұқсаттары басқармасына жолданып берілуге тиіс. Растайтын құжаттама электрондық түрде ұсынылуы мүмкін. Пайдаланушы RVSM жағдайындағы ұшуларды жоспарланған бастау күніне дейін бағалау үшін кемінде 60 жұмыс күнін қарастыруға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ: Сәйкестік туралы мәлімдемеге (2-қосымша) пайдаланушының Жауапты басшысы қол қоюға және ол әрбір ресми өтінімдер топтамасының құрамында ұсынылуға тиіс. Қол қойылған Сәйкестік туралы мәлімдемесіз келіп түскен өтінімдер бағаланбай қайтарылады.

Нормативтік сілтеме: № 509 бұйрық, 1456-тармақ

3.3 3-кезең: Құжаттарды бағалау

ҚАӘ пайдаланушы мен әуе кемесінің тиісті типінің (типтерінің) RVSM рұқсатын алуға қойылатын барлық талаптарға сәйкестігін анықтау үшін ұсынылған өтінім мен растайтын құжаттаманы қарайды. Өтінімді бағалау кезінде ҚАӘ пайдаланушының ұшуға жарамдылыққа, пайдалануға, даярлауға, техникалық қызмет көрсетуге және биіктікті ұстау сипаттамаларына қойылатын қолданылатын талаптарға сәйкестігін бағалайды.

Өтінім келіп түскеннен кейін ҚАӘ 10 жұмыс күні ішінде оның алынғаны туралы ресми растау беруге тиіс. Одан кейін ҚАӘ ұсынылған құжаттаманы егжей-тегжейлі қарайды және қолданылатын RVSM талаптарына сәйкестікті анықтау үшін қажет болған жағдайда түсіндірмелерді, қосымша ақпаратты немесе қайта қаралған құжаттаманы сұрата алады.

Бағалау қолданылуына қарай мына бағыттарды қамтиды:

- a) Ұшуға жарамдылықты қарау: әуе кемесі типінің RVSM MASPS-қа қолданыстағы сәйкестігін және биіктік өлшеу мен биіктікті ұстау жүйелерінің барлық сипаттамалар спецификацияларына сәйкес келетінін растау;
- b) Пайдалану рәсімдерін қарау: ОМ бөлімдерінің, тексеру парақтарының, MEL жазбаларының және ерекше жағдайлар рәсімдерінің дұрыстығы мен толықтығын бағалау;
- c) Даярлау бағдарламасын қарау: даярлау бағдарламаларының бастапқы да, мерзімді де даярлау үшін RVSM-ге тән мазмұн талаптарына сәйкес келетінін тексеру;

- d) Техникалық қызмет көрсету бағдарламасын қарау: ұшуға жарамдылықты қолдау рәсімдерінің, геометрияны тексеру хаттамаларының және сынақ жабдығына қойылатын талаптардың тиісті түрде қамтылғанын растау;
- e) Биіктікті бақылау жоспарын қарау: ұсынылған мониторинг әдісін, кестесін және қамтылатын әуе кемелері паркінің үлесін бағалау.

Қажет деп танылған жағдайда ҚАӘ ұсынылған рәсімдердің енгізілуін, қажетті жабдық пен жазбалардың болуын және пайдаланушының RVSM жағдайындағы ұшуларды орындауға дайындығын тексеру үшін рұқсат беруге дейін пайдаланушының негізгі базасына немесе өзге де тиісті объектілеріне бағалау сапарын жүргізе алады. Өтінім, растайтын құжаттама және қолданылатын RVSM талаптары арасында сәйкессіздіктер немесе кемшіліктер анықталған жағдайда ҚАӘ пайдаланушыны анықталған мәселелер туралы хабардар етуге және пайдаланушы 4-кезеңге — Көрсетілім кезеңіне өте алғанға дейін орындауға тиіс түзету әрекеттерін көрсетуге тиіс. Өтінім мен растайтын құжаттама қолданылатын RVSM талаптарына сәйкестікті дәлелдеген және ҚАӘ пайдаланушының өзінің пайдалану қабілетін көрсетуге дайын екенін анықтаған жағдайда, ҚАӘ пайдаланушыға талап етілетін пайдалану валидациялық ұшуын (ұшуларын) орындауға рұқсат беретін 4-кезеңге өту рұқсатын береді. ҚАӘ мұндай рұқсатты ресми түрде бергенге дейін пайдаланушы Көрсетілім кезеңіне өтпеуге тиіс.

ЕСКЕРТПЕ: Егер өтінім толық болмаса немесе елеулі кемшіліктерді қамтыса, ҚАӘ кемшіліктер туралы хабарлама береді. ҚАӘ 4-кезеңге өту рұқсатын бергенге дейін пайдаланушы анықталған барлық кемшіліктерді жоюға тиіс.

3.4 4-кезең: Көрсетілім — пайдаланудағы сәйкестікті растауға арналған пайдалану валидациялық ұшуы (ұшулары)

Осы кезеңде пайдаланушы RVSM жағдайындағы ұшуларды қауіпсіз және мақұлданған пайдалану рәсімдеріне сәйкес орындау қабілетін көрсетуге тиіс. Пайдалану валидациялық ұшуы (ұшулары) (OVF) пайдаланушының қолданылатын RVSM рәсімдерін тиімді енгізу және нақты ұшу жағдайларында белгіленген пайдалану, техникалық және байланыс талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету қабілетін қорытынды тексеру болып табылады.

Талап етілетін пайдалану валидациялық ұшуларының саны өтінім мен құжаттарды бағалау нәтижелері негізінде Қазақстанның авиациялық әкімшілігі (ҚАӘ) тарапынан айқындалады. Егер ҚАӘ өзгеше белгілемесе, әуе кемелері типтерінің әрбір қолданылатын тобы үшін кемінде бір пайдалану валидациялық ұшуы орындалуға тиіс.

Пайдалану валидациялық ұшуы (ұшулары) RVSM әуе кеңістігінде қалыпты тұрақты немесе позициялық ұшу жағдайларында орындалуға тиіс. Қолданылатын RVSM рәсімдерін пайдаланушының орындауын бақылау және бағалау мақсатында ұшуға ҚАӘ инспекторы немесе тағайындалған өкіл қатыса алады.

Пайдалану валидациялық ұшуы (ұшулары) барысында пайдаланушы қолданылуына қарай мыналарды көрсетуге тиіс:

- a) жабдықты ұшу алдында дұрыс тексеруді және биіктік өлшегіштерді өзара тексеру рәсімдерін;
- b) ауысу биіктігінде биіктік өлшегіштерді дұрыс орнату рәсімдерін;
- c) RVSM әуе кеңістігіндегі ұшуларға қолданылатын тиісті ӘҚҚ фразеологиясын және диспетчерлік нұсқауларды қайталап растау рәсімдерін;
- d) шамамен бір сағаттық аралықпен орындалатын ұшу кезіндегі биіктік өлшегіштерді өзара тексеруді;

- e) автопилот пен биіктіктен ауытқу туралы ескерту жүйелерін дұрыс қосуды және пайдалануды;
- f) жабдықтың имитацияланған істен шығуына немесе RVSM-ге байланысты ерекше жағдайға экипаждың тиісті әрекеттерін; және
- g) ұшудан кейін техникалық журналды толтыруға және жазбаларды жүргізуге қойылатын қолданылатын талаптардың сақталуын.

Пайдалану валидациялық ұшуының (ұшуларының) көлемі мен мазмұнын ҚАӘ пайдаланушының RVSM бойынша бұрынғы тәжірибесін, әуе кемелері типтерінің тобын, құжаттарды бағалау нәтижелерін және қосымша тексеруді қажет ететін анықталған бағыттарды ескере отырып түзете алады.

Талап етілетін пайдалану валидациялық ұшуы (ұшулары) қанағаттанарлық аяқталғаннан кейін ҚАӘ инспекторы немесе тағайындалған өкіл көрсетілім нәтижелерін құжаттайтын валидация туралы есеп дайындауға тиіс. Валидация туралы есеп қолданылатын RVSM талаптарына қанағаттанарлық сәйкестікті растаса, ҚАӘ 5-кезеңге сәйкес RVSM рұқсатын беруге кірісе алады.

ЕСКЕРТПЕ: Егер OVF нәтижелері қанағаттанарлықсыз болса, ҚАӘ рұқсат бергенге дейін түзету әрекеттерін және бір немесе бірнеше қайталама көрсетілім ұшуын талап ете алады.

3.5 5-кезең: Рұқсат беру және мониторингке енгізу

Қазақстанның авиациялық әкімшілігі (ҚАӘ) RVSM рұқсатын барлық алдыңғы кезеңдер сәтті аяқталып, қолданылатын RVSM талаптарының орындалғаны расталғаннан кейін ғана береді. Рұқсатта пайдаланушы, мақұлданған әуе кемелері типтерінің тобы (топтары), тиісті әуе кемелерінің тіркеу белгілері, берілген күні және қолданылу мерзімінің аяқталу күні көрсетілуге тиіс.

RVSM рұқсаты берілген күннен бастап екі жыл бойы жарамды және тек рұқсатта көрсетілген пайдаланушы мен әуе кемелері типтерінің тобына (топтарына) қолданылады. Рұқсат пайдаланушылар арасында берілмейді. Әуе кемесінің Тіркеу мемлекеті өзгерген жағдайда осы әуе кемесіне қатысты бұрын берілген RVSM рұқсаты № 509 бұйрықтың қолданылатын ережелеріне сәйкес күшін жоюға тиіс.

RVSM рұқсаты берілгеннен кейін ҚАӘ рұқсатты Қазақстанның RVSM рұқсаттары дерекқорына енгізуге және қолданылатын өңірлік мониторинг рәсімдеріне сәйкес RMA Eurasia-ны хабардар етуге тиіс. ҚАӘ RMA Eurasia-ға пайдаланушы мен әуе кемесі туралы талап етілетін бастапқы ақпаратты, оның ішінде қажет болған жағдайда RMA F1 (байланыс деректері) және RMA F2 (әуе кемелері) деректерін ұсынуға тиіс.

RVSM рұқсаты № 509 бұйрықпен және RMA Eurasia-ның қолданылатын мониторинг рәсімдерімен белгіленген қолданылуын сақтау, биіктікті ұстау сипаттамаларын мониторингтеу, ұзарту, тоқтата тұру, күшін жою және қалпына келтіру жөніндегі қолданылатын талаптарға сәйкес болуға тиіс.

RVSM рұқсатын ұзартуға арналған өтінім қолданыстағы рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 60 жұмыс күні бұрын Қазақстанның авиациялық әкімшілігіне (ҚАӘ) ұсынылуға тиіс. Ұзарту процесі осы рәсімнің 2–5-кезеңдеріне сәйкес жүргізіледі. Егер пайдаланушы сәйкестіктің қанағаттанарлық тарихын және қолданылатын RVSM талаптарына үздіксіз сәйкестігін көрсетсе, ҚАӘ қараудың қысқартылған көлемін қолдану орынды деп айқындай алады.

Нормативтік сілтеме: № 509 бұйрық, 1456, 1458-тармақтар

3.7 Өтінім беруге дейінгі өзін-өзі тексеру парағы

#	Тармақ	Орындалды	Сілтеме
1	Әуе кемесі типінің RVSM MASPS бойынша қолданыстағы ұшуға жарамдылық мақұлдауы бар (AFM толықтыруы немесе TC деректері)	☐	2-тарау
2	Әуе кемелері типтері тобының санаты анықталды (Қосымшаның 1-кестесіне сәйкес 1, 2 немесе 3-санат)	☐	Қос. 1-кесте
3	Пайдалану жөніндегі нұсқаулық барлық талап етілетін RVSM бөлімдерін қамту үшін қайта қаралды	☐	4-тарау
4	MEL RVSM жабдығы бойынша жаңартылды	☐	4-тарау
5	Техникалық қызмет көрсету бағдарламасы RVSM бойынша ұшуға жарамдылықты қолдау жөніндегі нұсқауларды қамтиды	☐	6-тарау
6	Ұшу экипажын даярлау бағдарламалары жаңартылды (бастапқы және мерзімді)	☐	4-тарау
7	Техникалық қызмет көрсету персоналы RVSM геометриясын тексеру және сынақ жабдығын пайдалану бойынша даярланды	☐	6-тарау
8	Биіктікті ұстау қателіктері туралы хабарлау рәсімі белгіленді (72 сағат ішінде хабарлау)	☐	5-тарау
9	Мониторингке қатысу жоспары дайындалды және мониторинг әдісі таңдалды	☐	5-тарау
10	RMA Eurasia F1 (байланыс деректері) нысаны толтырылды	☐	Қос. 3-кесте
11	Өтінімге қажетті барлық құжаттар жинақталды және қаралды	☐	3.4-тарау

A.4 — ПАЙДАЛАНУ РӘСІМДЕРІ

4.1 Ұшуды жоспарлау

RVSM әуе кеңістігіндегі ұшуларды жоспарлау кезінде ұшу экипажы:

- ұшуға жоспарланған әуе кемесінің қолданыстағы RVSM рұқсаты бар екенін және рұқсат мәртебесі мен әуе кемесінің жарамдылығы тиісті техникалық жазбаларда расталғанын тексеруге;
- жоспарланған маршрут бойынша қолда бар және болжамды метеорологиялық ақпаратты, оның ішінде тау толқындары, найзағай, қатты турбуленттілік және әуе кемесінің биіктікті ұстау сипаттамаларына теріс әсер етуі мүмкін басқа да метеорологиялық жағдайлар туралы ақпаратты қарауға;
- 2.1-тарауда көрсетілген RVSM жағдайындағы ұшулар үшін талап етілетін барлық жабдықтың жарамды екенін және осы жабдыққа қатысты Минималды жабдық тізбесі (MEL) бойынша ешқандай рұқсат етілген жеңілдік қолданылмайтынын тексеруге;
- жоспарланған маршруттың қандай да бір бөлігінде RVSM жағдайындағы ұшулардың тоқтатыла тұрғанын, шектелгенін немесе өзге түрде қолжетімсіз екенін анықтау үшін қолданылатын NOTAM-дарды және басқа да тиісті пайдалану ақпаратын қарауға; және
- жоспарланған маршрут үшін қолданылатын өңірлік ерекше жағдай рәсімдерін анықтап, қарауға және ұшу экипажының RVSM-ге байланысты ерекше жағдай туындаған кезде қолданылатын рәсімдермен таныс екеніне көз жеткізуге тиіс.

4.2 Ұшу алдындағы рәсімдер

RVSM әуе кеңістігінде орындалуы жоспарланған ұшуға шығар алдында ұшу экипажы:

- RVSM үшін талап етілетін барлық жабдықтың жарамдылығын растау үшін техникалық журналды қарауға. Жойылмаған ақаулардың түзетілгеніне көз жеткізуге;
- сыртқы қарап тексеру кезінде статикалық қысым көздерінің және әрбір статикалық порт маңындағы фюзеляж қаптамасының жай-күйін тексеруге. Кез келген майысу, деформация немесе ластану туралы хабарлауға;
- ұшып шығар алдында барлық биіктік өлшегіштерді әуеайлақтың QNH мәніне орнатуға. Әрбір негізгі биіктік өлшегіштің Әуе кемесін пайдалану жөніндегі нұсқаулықта (AOM) белгіленген шектерде белгілі биіктікті көрсететінін растауға;
- екі негізгі биіктік өлшегіштің көрсеткіштерін өзара тексеруге. Айырмашылық 23 м-ден (75 фут) аспауға тиіс. Жойылмаған кез келген айырмашылық ақау ретінде қаралуға тиіс;
- буксирлеуді бастауға дейін биіктікті ұстап тұру және ескерту жүйелерінің барлығы тексерілгеніне және олардың жарамдылығы расталғанына көз жеткізуге тиіс.

4.3 RVSM әуе кеңістігіне кірер алдында

RVSM әуе кеңістігіне кірер алдында ұшу экипажы мына жабдықтың жарамды және штаттық режимде жұмыс істейтінін тексеруге тиіс:

- биіктікті өлшеудің екі негізгі жүйесі — өзара тексеру ± 60 м (± 200 фут) шегінде сәйкестікті көрсетуге тиіс. Бұл шарт орындалмаған жағдайда RVSM әуе кеңістігіне кіргенге дейін ӘҚҚ-ға хабарлау қажет;
- кемінде бір биіктікті автоматты басқару жүйесі;
- кемінде бір биіктіктен ауытқу туралы ескерту құрылғысы;
- биіктік туралы деректерді беретін жарамды транспондер.

Егер RVSM жағдайындағы ұшулар үшін талап етілетін қандай да бір жабдық RVSM әуе кеңістігіне кіргенге дейін жарамсыз болса, қолданылатын RVSM ерекше жағдай рәсімдеріне сәйкес өзгеше рұқсат етілмесе, ұшу экипажы тиісті ӘҚҚ органын хабардар етуге және RVSM әуе кеңістігіне кірмеу үшін өзгертілген диспетчерлік рұқсат сұрауға тиіс.

Нормативтік сілтеме: № 509 бұйрық, 1456-тармақ

4.4 Ұшу кезіндегі рәсімдер

RVSM әуе кеңістігінде ұшу кезінде ұшу экипажы:

- а) әуе кемесінің нақты типіне арналған RVSM ұшуға жарамдылық мақұлдауында көрсетілген әуе кемесін пайдаланудың кез келген шектеулерін (мысалы, Мах саны бойынша шектеулерді) сақтауға;
- б) ауысу биіктігін кесіп өткен кезде барлық негізгі және резервтік биіктік өлшегіштерді дереу стандартты қысымға (1013,2 гПа / 29,92 дюйм сын. бағ.) орнатуға. Алғашқы рұқсат етілген ұшу эшелонында көрсеткіштерді өзара тексеруге;
- в) рұқсат етілген ұшу эшелонын (CFL) ұстап тұруға. Авариялық жағдайды қоспағанда, ӘҚҚ рұқсатынсыз CFL-ден әдейі ауытқымауға;
- г) эшелонды өзгерткен кезде нысаналы ұшу эшелонынан 45 м-ден (150 фут) артық асып кетуге немесе жетпей қалуға жол бермеуге. Қолда бар болса, биіктікті автоматты басқару жүйесінің биіктікті қармау функциясын пайдалануға;
- д) көлденең крейсерлік ұшуда биіктікті автоматты басқару жүйесін қосуға. Егер оны ажырату қажет болса (турбуленттілік, қайта теңгерімдеу), екі негізгі биіктік өлшегіштің бірінің көрсеткіші бойынша биіктікті ұстап тұруға;
- е) биіктіктен ауытқу туралы ескерту жүйесінің барлық уақытта жарамды болуын қамтамасыз етуге;
- з) шамамен 1 сағаттық аралықпен негізгі биіктік өлшегіштердің көрсеткіштерін өзара тексеруге. ± 60 м (± 200 фут) шегіндегі сәйкестік талап етіледі. Осы шектен асатын кез келген айырмашылық ӘҚҚ-ға ақау ретінде хабарлануға тиіс;
- и) әуе кемесін басқару үшін пайдаланылатын биіктік өлшеу жүйесінің биіктік туралы деректерді беретін транспондер үшін дереккөз ретінде таңдалғанына көз жеткізуге;
- й) ӘҚҚ тағайындалған FL-ден ± 90 м-ден (± 300 фут) асатын ауытқу туралы хабарлаған жағдайда, дереу түзету әрекеттерін қабылдауға және ӘҚҚ-ға талаптардың орындалғанын растауға тиіс.

4.5 Ұшу кезіндегі ерекше жағдай рәсімдері

RVSM әуе кеңістігінде мына ерекше жағдайлар туындаған кезде ӘҚҚ-ға дереу хабарлау талап етіледі:

Ерекше жағдай	Қажетті әрекет
Биіктікті автоматты басқарудың барлық жүйелерінің істен шығуы	ӘҚҚ-ға хабарлау. CFL-ді ұстап тұру мүмкін болмаған жағдайда эшелондау талаптарын жеңілдетуді немесе RVSM әуе кеңістігінен тыс қайта бағыттауды сұрау.



Биіктік өлшеу жүйелеріндегі резервтеудің жоғалуы	ӘҚҚ-ға хабарлау. Егер тек бір биіктік өлшеу жүйесі қалса, ақау туралы хабарлап, RVSM әуе кеңістігінен шығуға рұқсат сұрау.
Биіктік туралы деректерді беретін барлық транспондерлердің істен шығуы	ӘҚҚ-ға дереу хабарлау. Жарамды транспондерсіз RVSM әуе кеңістігінде қалуға болмайды.
Төмендеуді талап ететін қозғалтқыштың істен шығуы	Авариялық жағдайды жариялау (қолданылатын болса). ӘҚҚ-ға хабарлау және ерекше жағдайда төмендеу рәсімдерін бастау.
Орташа деңгейден жоғары турбуленттілік	ӘҚҚ-ға хабарлау. Қолданылатын жағдайда CFL-ді ұстап тұру мүмкін еместігі туралы хабарлау. ӘҚҚ баламалы эшелондауды қамтамасыз етеді.
CFL-ді ұстап тұруға әсер ететін кез келген өзге істен шығу	Шектеудің сипаты мен көлемін көрсете отырып ӘҚҚ-ға хабарлау. Әрекеттер жоспарын келісу.

ЕСКЕРТПЕ: CFL-ден ауытқуға дейін ӘҚҚ рұқсатын алу мүмкін болмаған жағдайда белгіленген өңірлік ерекше жағдай рәсімдерін орындау және іс жүзінде мүмкін болған бойда ӘҚҚ рұқсатын алу қажет.

4.6 Ұшудан кейінгі рәсімдер

RVSM әуе кеңістігіндегі ұшудан кейін ұшу экипажы:

- техникалық қызмет көрсету барысында ақауды жою үшін жеткілікті егжей-тегжеймен биіктікті ұстау жүйелерінің кез келген ақауын әуе кемесінің техникалық журналына жазуға. Мыналарды көрсетуге: нақты туындаған ақау, экипаж қабылдаған әрекеттер және байқалған кез келген биіктік ауытқуы;
- қажет болған кезде мына деректерді жазуға: негізгі және резервтік биіктік өлшегіштердің көрсеткіштері, биіктік селекторының орнатылымы, қысым шкаласының орнатылымы, пайдаланылған автопилот режимі, транспондер көрсеткіштеріндегі байқалған кез келген айырмашылықтар;
- осы НМ-ның 5-тарауына сәйкес жабдықтың істен шығуынан немесе пайдалану қателігінен туындаған биіктікті ұстаудың кез келген қателігі туралы 72 сағат ішінде ҚАӘ-ге хабарлауға тиіс.

4.7 ӘҚҚ рәсімдері

4.7.1 RVSM рұқсаты жоқ әуе кемелері

ӘҚҚ RVSM рұқсаты жоқ әуе кемесіне барлық басқа әуе қозғалысынан стандартты 600 м (2 000 фут) VSM қамтамасыз етілмейінше RVSM эшелондарында крейсерлік ұшуға рұқсат бермеуге тиіс.

4.7.2 ӘҚҚ-ның ерекше жағдай кезіндегі әрекеттері

Ұшу экипажынан ерекше жағдай туралы хабарлама алған кезде ӘҚҚ:

- ұшқыштың ниетін анықтауға;

- b) әуе қозғалысын бағалауға және мүмкін болған жағдайда әуе кемесіне бүйірлік, бойлық немесе ұлғайтылған тік эшелондау қамтамасыз етуге;
- c) егер әуе кемесі RVSM-нен тыс талаптар бойынша биіктікті ұстап тұра алса, әуе қозғалысы мүмкіндік берген жағдайда RVSM әуе кеңістігінен тыс эшелонға өзгертілген рұқсат беруге;
- d) (2) немесе (3) тармақтарына сәйкес жағдай жасау мүмкін болмаған кезде әуе кемесін авариялық жағдайдағы әуе кемесі ретінде қарауға және барлық қажетті шараларды қолдануға тиіс.

4.7.3 Метеорологиялық жағдайлар

Мына жағдайлар биіктікті ұстап тұруға ерекше қолайсыз әсер ететіні анықталған және ӘҚҚ назарын талап етеді:

- a) Тау толқындарының белсенділігі (орографиялық ағын) — биіктікті ұстау сипаттамаларының нашарлауының ең елеулі себебі;
- b) Найзағай және онымен байланысты турбуленттілік;
- c) Гравитациялық ығысу толқындары.

RVSM әуе кеңістігінде қатты турбуленттілік туралы хабарланған кезде ӘҚҚ әуе кемесінің CFL-ді ұстап тұру қабілетін растауға тиіс. Егер метеорологиялық жағдайлардың сақталуы күтілсе, ӘҚҚ әсер ететін маршруттарды көрсететін NOTAM шығаруға және әсер ететін ауданда 300 м VSM қолдануды уақытша тоқтата тұруға құқылы.

4.8 Ұшу экипажын даярлауға қойылатын талаптар

Пайдаланушының даярлау бағдарламалары ұшу экипажы үшін RVSM-ге тән мына элементтерді (бастапқы және мерзімді даярлау) қамтуға тиіс:

- a) RVSM әуе кеңістігіне арналған стандартты ӘҚҚ фразеологиясы;
- b) ӘҚҚ рұқсатын орындауды тексеру кезінде экипаж мүшелерінің өзара іс-қимылы;
- c) резервтік биіктік өлшегіштерді және статикалық қысым көзі қателігін түзету карталарын пайдалану және олардың шектеулері;
- d) жоспарланған 300 м эшелондау кезінде көзбен шолып қабылдаудың шектеулері (қараңғылық, полярлық шұғыла, бұрылыстар, қарама-қарсы және бір бағыттағы қозғалыс);
- e) эшелоннан асып кетуге әкелуі мүмкін биіктікті қармау жүйелерінің ерекшеліктері;
- f) штаттық және штаттан тыс жағдайларда биіктік өлшеу, биіктікті автоматты басқару және транспондер жүйелерінің өзара байланысы;
- g) RVSM рұқсатына байланысты әуе кемесінің нақты типіне тән пайдалану шектеулері (қолданылатын жағдайда);
- h) RVSM әуе кеңістігіне тән ерекше және авариялық жағдайлар рәсімдері.

A.5 — БИІКТІКТІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ХАБАРЛАУ

5.1 Мониторинг мақсаттары

Биіктікті ұзақ мерзімді бақылау бағдарламасы мына мақсаттар үшін құрылуға және қолдауға тиіс:

- биіктік өлшеу жүйесі қателігінің (ASE) ұзақ мерзімді тұрақтылығын тексеру;
- талап етілетін биіктікті ұстау сипаттамаларын сақтауда пайдаланушының ұшуға жарамдылықты қолдау бағдарламасының тиімділігін бағалау;
- ұшу сағатына $2,5 \times 10^{-9}$ өлімге әкелетін авиациялық оқиға деңгейіндегі техникалық TLS-тің сақталатынына сенімділікті қамтамасыз ету;
- талаптарға сәйкес келмейтін немесе сипаттамалары ауытқыған әуе кемелерін анықтау және түзету әрекеттерін бастау.

Нормативтік сілтеме: № 509 бұйрық, 1455-5 және 1455-6-тармақтар

5.2 Мониторинг кезеңділігі

Әуе кемелері типтерінің әрбір тобынан кемінде екі ұшақ екі жылда кемінде бір рет немесе әрбір ұшақ үшін 1 000 ұшу сағаты аралығында — қай кезең ұзағырақ болса, сол кезеңде мониторингтен өтуге тиіс. Егер пайдаланушының типтер тобы тек бір әуе кемесінен тұрса, бұл әуе кемесі де сол мерзімдерде мониторингтен өтуге тиіс.

Нормативтік сілтеме: № 509 бұйрық, 1455-3-тармақ

5.3 Мониторинг әдістері

Биіктікті бақылаудың үш тәуелсіз жүйесі танылады. Пайдаланушы қолданылатын мониторинг әдісін (әдістерін) таңдап, құжаттауға тиіс:

Әдіс	Сипаттама	Артықшылықтары / шектеулері
GPS негізіндегі мониторинг құрылғысы (GMU)	Ұшу кезінде ASE-ні өлшеу үшін нақты әуе кемесінің бортында тасымалданатын портативті қол құрылғысы. Әуе кемесін кез келген маршрутта тексеруге болады.	Икемді — әуе кемесін кез келген жерде тексеруге болады. Бір тексерудің құны жоғары; пайдаланушы ресурстар бөлуді талап етеді.
Жерүсті HMU станциясы	Тәулігіне 24 сағат автоматты режимде жұмыс істейтін стационарлық жерүсті жүйесі. Жүйенің қамту аймағы арқылы өтетін барлық әуе кемелерінің ASE-сін өлшейді (шамамен 45 NM радиус).	Бір өлшеудің құны төмен; экипаж үшін қосымша әрекеттерді талап етпейді. Инфрақұрылымның бастапқы құны жоғары; әуе кемесі қамту аймағында ұшуға тиіс.
ADS-B биіктігін өлшеу жүйесі	Әуе кемесінің ADS-B жүйесі беретін геометриялық биіктік деректерін пайдаланады. Әдістемесі GMU-мен бірдей — борттық GPS биіктігі туралы деректерді тіркейді.	Салыстырмалы түрде жаңа әдіс; ADS-B Out мүмкіндігін талап етеді. Қамту жерүсті станцияларының желісіне байланысты.

5.4 GMU мониторингі туралы хабарлау рәсімдері

Пайдаланушы жекелеген әуе кемелерін мониторингтеу үшін GMU әдісін таңдаған кезде мына рәсім қолданылады:

- пайдаланушы кез келген GMU тексеруін жүргізгенге дейін 2-кестедегі (Қосымша) нысанды пайдалана отырып, әуе кемесі туралы ақпаратты электрондық пошта арқылы RMA Eurasia-ға (ҚАӘ-ге көшірмесімен) ұсынуға тиіс;
- GMU тексеру ұшуына дейінгі 24 сағат ішінде 3-кестедегі (Қосымша) нысанды пайдалана отырып, RMA Eurasia-ны электрондық пошта арқылы хабардар етуге;
- GMU тексеру ұшуы аяқталғаннан кейін 6 сағат ішінде сол нысанды пайдалана отырып, ұшудан кейінгі нәтижені RMA Eurasia-ға ұсынуға тиіс.

Нормативтік сілтеме: № 509 бұйрық, 1455-8-тармақ

5.5 Талаптарға сәйкес келмейтін және сипаттамалары ауытқыған әуе кемелері

Санат	Іске қосу өлшемшарттары	Қажетті әрекет
Сипаттамалары ауытқыған әуе кемесі	$ ASE \geq 49$ м (160 фут) немесе $ TVE \geq 52$ м (170 фут)	Пайдаланушы мен RMA тексеру жүргізеді. Үрдісті мониторингтеу. ҚАӘ-ге хабарлау.
Талаптарға сәйкес келмейтін әуе кемесі	$ TVE \geq 90$ м (300 фут) немесе $ ASE \geq 75$ м (245 фут) немесе $ AAD \geq 90$ м (300 фут)	Дереу түзету әрекеттері талап етіледі. Пайдаланушы 72 сағат ішінде хабарлауға тиіс. ҚАӘ рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұруы немесе оны кері қайтарып алуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ: Іске қосу мәндері мониторинг жүйесіне тән өлшеу қателігін ескереді. ҚАӘ/RMA мониторинг жүйесінің дәлдігіне байланысты сәл өзгеше шекті мәндерді қолдануы мүмкін.

5.6 Биіктікті ұстау қателіктері туралы хабарлау

Биіктікті ұстау қателіктері екі санатқа жіктелуге тиіс: (1) жабдықтың ақауынан туындаған қателіктер және (2) пайдалану қателіктері. Осындай барлық қателіктер туралы хабарлануға тиіс.

5.6.1 Пайдаланушының хабарлау жөніндегі міндеттері

№ 509 бұйрықтың 1455-4-тармағына сәйкес пайдаланушы анықталған, тіркелген немесе өзге жолмен мәлім болған биіктікті ұстаудың барлық қателіктері туралы олардың себебіне немесе санатына қарамастан, оқиға болған сәттен бастап 72 сағат ішінде Қазақстанның авиациялық әкімшілігіне (ҚАӘ) хабарлауға тиіс.

Бастапқы хабарлама кемінде мыналарды қамтуға тиіс:

- биіктікті ұстау қателігінің және оның туындау жағдайларының сипаттамасын;
- себептік факторларды талдауды; және

с) қайталанудың алдын алу үшін қабылданған түзету және алдын алу шараларын.

Егер «Еуразия» Өңірлік мониторинг агенттігі (RMA Eurasia) пайдаланушы пайдаланатын әуе кемесіне қатысты биіктікті ұстау қателігін анықтаса немесе ол туралы хабарласа, пайдаланушы оқиғаны дереу тексеруге, қажетті түзету әрекеттерін орындауға және ҚАӘ-ге кейінгі есепті ұсынуға тиіс.

№ 509 бұйрықтың 1456-3-тармағына сәйкес тағайындалған ұшу эшелонынан 90 м (300 фут) немесе одан көп ауытқу ретінде айқындалатын биіктік бойынша кез келген үлкен ауытқу (LHD) туралы белгіленген LHD хабарлау форматын пайдалана отырып, ҚАӘ-ге ай сайын қосымша хабарлануға тиіс.

5.6.2 ҚАӘ әрекеттері

Пайдаланушыда жабдықтың ақауына немесе пайдалану себептеріне байланысты қайталанатын немесе тұрақты биіктікті ұстау қателіктері орын алған жағдайда ҚАӘ пайдаланушының қолданылатын RVSM талаптарына одан әрі сәйкестігін бағалауға тиіс және ұшуларды жалғастыру RVSM қауіпсіздігі үшін жол берілмейтін тәуекел тудырады деп танылса, пайдаланушының RVSM рұқсатын кері қайтарып алуы мүмкін.

Пайдаланушы пайдаланатын әуе кемесінің белгілі бір типі жүйелі биіктікті ұстау қателіктерінің көзі болып табылатыны анықталған жағдайда ҚАӘ осы әуе кемесі типіне қатысты RVSM рұқсатын шектеуі немесе кері қайтарып алуы мүмкін.

RVSM рұқсаты кері қайтарып алынғаннан немесе шектелгеннен кейін ҚАӘ RMA Eurasia-ны хабардар етуге және қолданылатын жағдайда қабылданған түзету немесе мәжбүрлеу шаралары туралы тиісті мәліметтерді ұсынуға тиіс.

Нормативтік сілтеме: № 509 бұйрық, 1455-4, 1455-7-тармақтар

A.6 — ҰШУҒА ЖАРАМДЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАУ

6.1 Техникалық қызмет көрсету бағдарламасына қойылатын талаптар

Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету бағдарламасы үлгі сертификатын ұстаушы RVSM сертификаттауына қатысты шығарған ұшуға жарамдылықты қолдау жөніндегі барлық нұсқауларды қамтуға тиіс. Бағдарламада мыналар қарастырылуға тиіс:

- RVSM рұқсатына әсер етуі мүмкін кез келген модификацияны немесе конструкция өзгерісін бағалау;
- RVSM рұқсатының үздіксіз қолданылуына әсер етуі мүмкін жөндеулерді бағалау — әсіресе Пито/статикалық қысым қабылдағыштарының туралануына, статикалық порттар маңындағы майысуларға немесе деформацияларға әсер ететін жөндеулер;
- Биіктік өлшеу жүйесінің қателіктерін RVSM рұқсат етілген шектерінде сақтау үшін планердің дұрыс геометриясы мен бет контурларын қолдау. Мұндай тексерулер планердің бетіне және ауа ағынына әсер ететін кез келген жөндеу немесе өзгерту жұмыстарынан кейін жүргізілуіне тиіс.

6.2 Сынақ жабдығы

Техникалық қызмет көрсету ұйымдары RVSM жүйелеріне техникалық қызмет көрсету үшін жарамды сынақ жабдығын пайдалануға тиіс. Жабдықтың жарамдылығы талап етілетін дәлдік пен калибрлеу кестелерін ескере отырып, үлгі сертификатын ұстаушының ұсынымдарына сәйкес белгіленуге тиіс.

6.3 Техникалық қызмет көрсету персоналын даярлау

Ұшуға жарамдылықты қолдау және техникалық қызмет көрсету персоналының бастапқы және мерзімді даярлауы кемінде мыналарды қамтуға тиіс:

- RVSM-ге қатысты әуе кемесінің геометриясын тексеру әдістері;
- биіктік өлшеу жүйесіне арналған сынақ жабдығын калибрлеу және пайдалану;
- әуе кемесінің осы типіне арналған RVSM рұқсатына тән арнайы нұсқаулар немесе рәсімдер.

6.4 Ұшуға жарамдылықты қолдау жөніндегі міндеттер

RVSM рұқсаты бар барлық әуе кемелері бүкіл пайдалану мерзімі бойы RVSM MASPS талаптарына сәйкес болуды жалғастыруға тиіс. RMA Eurasia-ның биіктікті бақылау деректері ұзақ мерзімді нашарлауды анықтауға көмектеседі. Алайда мониторинг нәтижелеріне қарамастан, сертификаттау стандарттарын сақтауға пайдаланушылар жауапты.

Нормативтік сілтеме: № 509 бұйрық, 1455-1-тармақтың 2) тармақшасы

A.7 — RMA EURASIA ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК ҮЙЛЕСТІРУ

7.1 RMA Eurasia рөлі

RMA Eurasia — Қазақстанның әуе кеңістігін қамтитын Еуразия өңіріндегі RVSM жағдайындағы ұшулардың қауіпсіздік көрсеткіштерін мониторингтеуге жауапты Өңірлік мониторинг агенттігі. RMA Eurasia RVSM рұқсаттарының өңірлік дерекқорын жүргізеді және әлемнің басқа RMA-ларымен қауіпсіздік деректерімен алмасуды үйлестіреді.

7.2 Пайдаланушының RMA Eurasia алдындағы міндеттері

ҚАӘ RVSM рұқсатын бергеннен кейін пайдаланушылар 1-қосымшаға сәйкес:

- RVSM рұқсаты берілген күннен бастап 30 күн ішінде RMA Eurasia-да тіркелуге;
- RVSM рұқсаты қолданылатын әуе кемелерінің талап етілетін биіктігін бақылауды жүргізу мерзімін, әдісін және орнын RMA Eurasia-мен келісуге;
- осы THM-ға Қосымшаның 2 және 3-кестелерінде көрсетілген белгіленген нысандарды пайдалана отырып, мониторинг нәтижелерін ұсынуға;
- нақты әуе кемелерінің рұқсат мәртебесіне немесе биіктікті ұстау сипаттамаларына қатысты RMA Eurasia-ның кез келген сұрауларына жауап беруге;
- егер RMA Eurasia әуе кемесінде белгіленген шектерден асатын TVE немесе ASE анықтаса, тексеруге толық көлемде жәрдемдесуге, талап етілетін түзету шараларын орындауға және ҚАӘ немесе RMA Eurasia талап еткен кейінгі есептерді ұсынуға; және
- RVSM рұқсаты қолданылатын әуе кемесінің RVSM рұқсатының қолданылуын кез келген тоқтата тұру, кері қайтарып алу немесе тіркеу белгісінің өзгеруі туралы RMA Eurasia-ны хабардар етуге тиіс.

Нормативтік сілтеме: № 509 бұйрық, 1456-2-тармақ

7.3 Рұқсат мәртебесін растау

ӨҚҚ органдары жекелеген әуе кемелерінің RVSM мәртебесін тексеру үшін RMA Eurasia рұқсаттары дерекқорына сұрау сала алады. Пайдаланушыларға мәртебесі расталмаған әуе кемелеріне RVSM эшелондарында ұшуға рұқсат берілмеуі мүмкін екені ескертіледі. RMA дерекқорындағы рұқсат жазбаларының өзектілігін сақтау пайдаланушының жауапкершілігі болып табылады.

РАЗДЕЛ В

В.1 — ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1 Правовая основа и применимость

В соответствии с пунктом 1455 Приказа № 509 ни одно воздушное судно не должно выполнять полеты между эшелонами FL 290 и FL 410 включительно в воздушном пространстве, обслуживаемом Казахстаном, без специального допуска RVSM, выданного АО «Авиационная администрация Казахстана» (ААК).

Данное требование распространяется на всех гражданских эксплуатантов, выполняющих полеты в воздушном пространстве RVSM, обслуживаемом Казахстаном, независимо от государства регистрации воздушного судна.

Эксплуатационный допуск RVSM, выданный Авиационной администрацией Казахстана, признается для выполнения полетов в воздушном пространстве RVSM во всем мире при условии, что эксплуатант соблюдает эксплуатационные процедуры, установленные для соответствующего региона, и включает применимые требования в свое Руководство по производству полетов.

Нормативная ссылка: Приказ № 509, пункт 1455

1.2 Нормативная база

Полеты в условиях RVSM в Республике Казахстан регулируются следующими документами в порядке убывания степени детализации:

- Правила производства полетов в гражданской авиации Республики Казахстан, утвержденные Приказом № 509, в частности глава 15 — полеты в воздушном пространстве RVSM, пункты 534–546, а также пункты 1455 и 1456, касающиеся специального допуска к выполнению полетов в условиях RVSM.
- Процедуры RMA Eurasia устанавливают процедуры и эксплуатационную практику Регионального мониторингового агентства «Евразия» (RMA Eurasia), в частности относящиеся к внедрению и мониторингу воздушного пространства с сокращенным минимумом вертикального эшелонирования (RVSM).

1.3 Воздушное пространство RVSM

Воздушное пространство RVSM в пределах Казахстана охватывает диапазон высот от FL 290 (8 850 м) до FL 410 (12 500 м) включительно. В данном диапазоне между воздушными судами, имеющими соответствующий допуск, применяется минимум вертикального эшелонирования 300 м (1 000 фут). Схема эшелонов полета RVSM предусматривает следующие доступные крейсерские эшелоны в дополнение к эшелонам, используемым на высотах вне RVSM:

Направление линии пути	Эшелоны полета (ППП)	Доступные эшелоны
000°–179° (нечетные)	FL 290, 310, 330, 350, 370, 390, 410	7 эшелонов

180°–359° (четные)	FL 300, 320, 340, 360, 380, 400	6 эшелонов
--------------------	---------------------------------	------------

ПРИМЕЧАНИЕ: Воздушным судам, не имеющим допуска RVSM, не должны назначаться эшелоны полета в воздушном пространстве RVSM, если только они не отделены от всего остального воздушного движения стандартным минимумом вертикального эшелонирования (VSM) 600 м (2 000 фут).

1.4 Цели безопасности

Цели безопасности, применяемые к полетам в условиях RVSM в воздушном пространстве под юрисдикцией Республики Казахстан, устанавливаются в соответствии с применимыми Стандартами и Рекомендуемой практикой ИКАО (SARPs) и международно признанными требованиями безопасности.

Категория риска	TLS	Область
Технический риск	$2,5 \times 10^{-9}$ авиационных происшествий с летальным исходом на летный час	Только ошибки характеристик выдерживания высоты воздушного судна
Общий риск	5×10^{-9} авиационных происшествий с летальным исходом на летный час	Все причины, включая эксплуатационные ошибки и особые случаи

B.2 — ТРЕБОВАНИЯ К ЛЕТНОЙ ГОДНОСТИ ВОЗДУШНЫХ СУДОВ

2.1 Требуемое оборудование

Для выполнения полетов в воздушном пространстве RVSM каждое воздушное судно должно быть оборудовано системами, обеспечивающими следующие возможности:

#	Оборудование / функция	Характеристика
1	Индикация высоты (кабина экипажа)	Индикация эшелона полета, на котором выполняется полет.
2	Устройство автоматического выдерживания высоты	Поддерживает выбранный эшелон полета в автоматическом режиме при горизонтальном крейсерском полете. При горизонтальном крейсерском полете как минимум одно устройство должно быть исправно и включено.
3	Система предупреждения об отклонении от заданной высоты	Обеспечивает предупреждение экипажа об отклонении от выбранного эшелона полета. Порог срабатывания предупреждения не должен превышать ± 90 м (300 фут).
4	Транспондер передачи данных о высоте	Автоматически передает ОВД данные о барометрической высоте. Должен быть подключен к выотомерной системе, используемой для управления воздушным судном.
5	Две независимые системы измерения высоты	Каждая включает взаимосвязанный источник статического давления (с защитой от обледенения, если применимо), индикацию выотомера и кодирование режима C. Показания обеих систем должны совпадать в пределах ± 60 м (± 200 фут).
6	Коррекция погрешности источника статического давления (SSEC)	Применяется при необходимости для обеспечения соответствия критериям характеристик во всем диапазоне режимов полета RVSM.

Нормативная ссылка: Приказ № 509, пункт 1456

2.2 Стандарты характеристик выотомерной системы

Воздушные суда, эксплуатируемые в воздушном пространстве RVSM, должны соответствовать следующим критериям характеристик выдерживания высоты:

2.2.1 Групповые воздушные суда (номинально одинаковая конструкция)

Для групп воздушных судов с номинально одинаковой конструкцией и изготовлением суммарная погрешность по высоте (TVE) группы должна соответствовать всем следующим требованиям:

- a) Среднее значение TVE: по абсолютной величине не должно превышать 25 м (80 фут);
- b) Стандартное отклонение TVE: не должно превышать $28 - 0,013z^2$ (где $z = |\text{среднее значение TVE}|$ в метрах);
- c) Среднее значение ASE: по абсолютной величине не должно превышать 25 м (80 фут);
- d) Разброс ASE: сумма $|\text{среднее значение ASE}| + 3\sigma(\text{ASE})$ не должна превышать 75 м (245 фут);
- e) FTE/AAD: симметрично относительно среднего значения 0 м; стандартное отклонение не должно превышать 13,3 м (43,7 фут); распределение должно иметь как минимум экспоненциально убывающий характер.

2.2.2 Воздушные суда, не входящие в группу (индивидуальные)

- a) ASE: не должна превышать 60 м (200 фут) при любых условиях полета;
- b) FTE/AAD: симметрично относительно среднего значения 0 м; стандартное отклонение не должно превышать 13,3 м (43,7 фут); распределение должно иметь как минимум экспоненциально убывающий характер.

2.3 Группирование типов воздушных судов

Для целей одобрения летной годности по RVSM воздушные суда классифицируются по группам. Воздушное судно считается пригодным для включения в определенную группу только при выполнении всех следующих критериев:

- a) изготовлены по номинально одинаковой конструкции и одобрены на основании одного сертификата типа (ТС), одной поправки к ТС или одного дополнительного сертификата типа;
- b) система источников статического давления каждого воздушного судна номинально одинакова; поправки на погрешность источника статического давления (SSE) одинаковы для всех членов группы;
- c) блоки авионики, установленные для соблюдения минимальных критериев оборудования RVSM, соответствуют одной и той же спецификации изготовителя и имеют одинаковый номер детали.

ПРИМЕЧАНИЕ: Воздушные суда с различными изготовителями авионики или номерами деталей могут быть отнесены к одной группе, если продемонстрированы эквивалентные характеристики систем. Воздушные суда, не соответствующие всем трем условиям, рассматриваются как воздушные суда, не входящие в группу.

V.3 — ПРОЦЕСС ВЫДАЧИ ДОПУСКА RVSM

Эксплуатант не допускается к выполнению полетов в условиях RVSM до тех пор, пока АО «Авиационная администрация Казахстана» (ААК), как Уполномоченная организация, не установит, что эксплуатант и соответствующая группа типов воздушных судов отвечают всем применимым требованиям RVSM, установленным Приказом № 509. Эксплуатант должен представить достаточные доказательства соответствия применимым требованиям к летной годности, эксплуатации, техническому обслуживанию и характеристикам выдерживания высоты. Полеты в условиях RVSM должны начинаться только после официальной выдачи ААК допуска RVSM и выполнения всех условий, указанных в допуске.

Процесс выдачи допуска RVSM состоит из пяти этапов:

- a) **Этап предварительного обращения**— самооценка эксплуатанта, рассмотрение применимых требований RVSM и MASPS и подготовка требуемой документации.
- b) **Этап официальной подачи заявки**— представление в ААК полного пакета заявки на получение допуска RVSM.
- c) **Этап оценки ААК**— оценка представленной документации, включая статус летной годности воздушного судна, оборудование RVSM, организацию технического обслуживания, эксплуатационные процедуры и соответствие применимым требованиям.
- d) **Этап демонстрации**— проведение, при необходимости, полета(ов) для эксплуатационной проверки с целью демонстрации способности эксплуатанта выполнять полеты в условиях RVSM и подтверждения соответствия применимым требованиям в эксплуатации.
- e) **Этап выдачи допуска RVSM и включения в мониторинг**— выдача ААК допуска RVSM и включение одобренного эксплуатанта и воздушного судна в применимую систему мониторинга RVSM, включая, где применимо, регистрацию в RMA Eurasia.

Эксплуатант должен успешно завершить каждый этап до перехода к следующему этапу. При необходимости для установления соответствия применимым требованиям RVSM ААК может потребовать дополнительную информацию, корректирующие действия или демонстрации.

ПРИМЕЧАНИЕ: Допуск RVSM выдается отдельно для каждого эксплуатанта и каждой группы типов воздушных судов. Срок его действия составляет 2 года, и он не подлежит передаче между эксплуатантами. При изменении регистрации воздушного судна ранее выданный допуск автоматически аннулируется (Приказ № 509, пункт 1455-2).

3.1 Этап 1: Предварительное обращение

Это этап самооценки эксплуатанта и подготовки документации. Заявитель должен рассмотреть применимые требования и провести предварительную оценку, чтобы подтвердить, что тип(ы) воздушных судов, планируемые для полетов в условиях RVSM, пригодны для получения допуска и что все применимые предварительные условия могут быть выполнены до официального представления заявки в ААК.

Необходимо выполнить следующие действия

- 1) Подтвердить наличие действующего одобрения летной годности RVSM для типа воздушного судна (например, на основании JAA TGL-6, FAA AC 91-RVSM или эквивалентных данных сертификата типа);
- 2) Определить категорию группы типов воздушных судов, применимую к каждому типу парка (см. Приложение, таблица 1 — Категории групп воздушных судов);
- 3) Рассмотреть и обновить следующую документацию с учетом требований RVSM:
 - a) изменение или дополнение к Руководству по летной эксплуатации воздушного судна (AFM), подтверждающее допуск RVSM;
 - b) Руководство по производству полетов (ОМ) — часть А (Общие процедуры) и часть В (Вопросы эксплуатации воздушного судна), отражающие предполетные, полетные, действия при особых ситуациях и послеполетные процедуры RVSM;
 - c) Перечень минимального оборудования (MEL) — с указанием критически важного для RVSM оборудования и применимых условий выпуска в полет;
 - d) Программа технического обслуживания — с включением инструкций изготовителя по поддержанию летной годности в части RVSM;
 - e) Программы подготовки — первоначальная и периодическая подготовка летного экипажа и персонала технического обслуживания с охватом требований RVSM;
- 4) Оценить состояние источников статического давления, целостность обшивки фюзеляжа вблизи статических портов и точность высотомерной системы;
- 5) Установить или пересмотреть процедуры представления сообщений об ошибках выдерживания высоты и особых случаях.

ПРИМЕЧАНИЕ: До представления любой официальной заявки в ААК эксплуатанту следует провести предварительный самоаудит по проверочному листу, приведенному в главе 3.7.

3.2 Этап 2: Официальная подача заявки

Эксплуатант, намеревающийся получить допуск RVSM, должен представить в ААК полный пакет заявки, содержащий всю требуемую документацию и подтверждающие материалы, демонстрирующие соответствие применимым требованиям RVSM.

Заявка должна включать следующие элементы:

- a) Документы по летной годности: изменение/дополнение AFM, подтверждающее допуск RVSM; доказательства выполнения сервисного бюллетеня изготовителя; ссылка на документ по летной годности государства регистрации;
- b) Описание оборудования воздушного судна: описание высотомерной системы, систем выдерживания высоты, предупреждения и транспондера; подтверждение установки SSEC, где требуется;
- c) Программа подготовки, устанавливающая программы первоначальной и периодической подготовки летного экипажа. Охват: процедуры RVSM, действия при особых случаях, перекрестная проверка высотомеров, учет турбулентности, фразеология ОВД;
- d) Руководства и контрольные карты: разделы ОМ частей А/В, относящиеся к RVSM; контрольные карты нормальных, нештатных и аварийных процедур; сведения о применимых воздушных скоростях, высотах и массах согласно допуску RVSM;
- e) Положения MEL по всему оборудованию, требуемому для RVSM, с условиями выпуска в полет;

- f) Программа технического обслуживания, устанавливающая инструкции по поддержанию летной годности (ICA) держателя сертификата типа; процедуры проверки геометрии, осмотра источников статического давления и испытаний высотомерной системы;
- g) Процедуры выявления, регистрации и представления сообщений об ошибках выдерживания высоты в ААК и RMA Eurasia в течение 72 часов;
- h) План участия в мониторинге высоты; определение метода мониторинга (HMU, GMS или GMU); график и количество воздушных судов, подлежащих мониторингу по каждой категории группы;
- i) Предыдущие результаты эксплуатации (если применимо): соответствующая история эксплуатации в воздушном пространстве RVSM; доказательства корректирующих действий по любым предшествующим событиям, связанным с выдерживанием высоты;
- j) Заявление о соответствии. Заполненное и подписанное Заявление о соответствии (см. Приложение 2), заявленное Ответственным руководителем эксплуатанта и подтверждающее, что воздушное судно, процедуры, программа подготовки и организация технического обслуживания полностью соответствуют всем применимым требованиям RVSM. Обязательно для каждой первоначальной заявки и продления.

Заявки подаются в Авиационную администрацию Казахстана на имя соответствующего подразделения по эксплуатационным допускам. Подтверждающая документация может представляться в электронном виде. Эксплуатант должен предусмотреть не менее 60 рабочих дней для оценки до планируемой даты начала полетов в условиях RVSM.

ПРИМЕЧАНИЕ: Заявление о соответствии (Приложение 2) должно быть подписано Ответственным руководителем эксплуатанта и представлено в составе каждого официального пакета заявки. Заявки, поступившие без подписанного Заявления о соответствии, возвращаются без проведения оценки.

Нормативная ссылка: Приказ № 509, пункт 1456

3.3 Этап 3: Оценка документов

ААК рассматривает представленную заявку и подтверждающую документацию, чтобы определить соответствие эксплуатанта и применимого типа (типов) воздушных судов всем требованиям для получения допуска RVSM. При оценке заявки ААК оценивает соответствие эксплуатанта применимым требованиям к летной годности, эксплуатации, подготовке, техническому обслуживанию и характеристикам выдерживания высоты.

После получения заявки ААК в течение 10 рабочих дней должна выдать официальное подтверждение ее получения. Затем ААК проводит подробное рассмотрение представленной документации и при необходимости может запросить разъяснения, дополнительную информацию или пересмотренную документацию для определения соответствия применимым требованиям RVSM.

Оценка включает, в зависимости от применимости, следующие направления:

- a) Рассмотрение летной годности: подтверждение действующего соответствия типа воздушного судна RVSM MASPS и соответствия высотомерной системы и систем выдерживания высоты всем спецификациям характеристик;
- b) Рассмотрение эксплуатационных процедур: оценка разделов ОМ, контрольных карт, положений MEL и процедур на случай особых ситуаций на предмет правильности и полноты;

- с) Рассмотрение программы подготовки: проверка соответствия программ подготовки требованиям к содержанию RVSM как для первоначальной, так и для периодической подготовки;
- д) Рассмотрение программы технического обслуживания: подтверждение надлежащего учета процедур поддержания летной годности, протоколов проверки геометрии и требований к испытательному оборудованию;
- е) Рассмотрение плана мониторинга высоты: оценка предлагаемого метода мониторинга, графика и доли парка воздушных судов, подлежащей охвату.

При необходимости ААК может провести оценочный визит до выдачи допуска на основную базу эксплуатанта или иные соответствующие объекты для проверки внедрения представленных процедур, наличия требуемого оборудования и записей, а также готовности эксплуатанта к выполнению полетов в условиях RVSM. При выявлении расхождений или недостатков между заявкой, подтверждающей документацией и применимыми требованиями RVSM ААК уведомляет эксплуатанта о выявленных несоответствиях и указывает корректирующие действия, которые должны быть выполнены до перехода эксплуатанта к Этапу 4 — Демонстрации. Если заявка и подтверждающая документация демонстрируют соответствие применимым требованиям RVSM и ААК установила готовность эксплуатанта продемонстрировать свои эксплуатационные возможности, ААК выдает разрешение на переход к Этапу 4, позволяющее эксплуатанту провести требуемый полет (полеты) для эксплуатационной проверки. Эксплуатант не должен переходить к Этапу демонстрации до официальной выдачи такого разрешения ААК.

